Адам құқықтарының қорғалуы демократиялық, құқықтық мемлекеттерде бірінші орынға қойылады. Қазақстан мемлекеті де осы бағыттағы саясатты ұстануда. Абай шығармаларынан да адам құқықтарының қорғалуына аса мән берілгенін көреміз. Ол билік қағидаттарын іске асыруда ресейлік саясаттың дұрыс емес екендігін айта келіп, адамның кінәсі дәлелденбей жауапқа тартуға болмайды дейді [7].

Қазіргі кезеңде мемлекетіміз адалдық қағидаттарын басты орынға қою саясатын ұстануда. Патриоттық рухтағы, жан дүниесі таза, білімді, ұлттық намысы бар жастарды тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр. Құқықтық мемлекеттің әр адамы құқықтық мәдениетті бола отырып, адам құқықтарының аяқ асты тапталуына жол бермеуі керек. Өкінішке орай бүгінгі таңда деструктивті діни ағымға берілген, ұлттық құндылықтарды жоққа шығаратын, заңды менсінбей өз білгендерін жасауға талпынып, тіпті жасап жүрген жастарды қоғамнан кездестірудеміз. Осындай адамдардың билікке келуі, құқық қорғау органдарына қызметке тұруы мемлекеттің дамуына кедергісін келтіріп қана қоймай, оның болашағына қауіп төндіреді. Абай шығармаларынан біз, оның осындай адамдардан сақ болуға шақырғанын байқауымызға болады. Бұған Абайдың «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» өлеңін [8, 119-б.] дәлел ретінде келтірсек болады. Ол қазіргі кезеңдегі лауазымды адамдардың бойындағы жат нәрсе – бюрократтық туралы да айтады. Қасым-Жомарт Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы жарлыққа қол қойғанын білеміз<sup>1</sup>. Абайдың адам құқығы және оны қорғау мәселелерін қозғауы оның құқықтық мемлекеттің идеясын меңзегені деп ұғынамыз.

Абайдың заң туралы айтқан ойлары толыққанды зерттелмей жатыр. Алғаш рет Тайыр Құлтелеев пен Айдарат Тәукелов Абайдың заңи пікірлерін зерттеуді қолға алды, бірақ зерттеу нақты аяқталмады, елдегі партиялық саясаттың, тосқауылдың салдарынан зерттеу мазмұны өзгереді. Абайдың

қатысуымен қабылданған Қарамола ережесі оның құқықтық салаға да ден қойғанын білдіреді, бірақ бұл ереже әлі толық зерттелмеген. Ереже туралы заңгер-ғалымдардың еңбектерінде, ішінара материалдар беріледі. Қазақ Совет энциклопедиясында қысқа ғана мәлімет берілген. Толыққанды, жүйеленген зерттеу жинағы жоқ. Абайдың Мүсірәлі ақсақалға айтқандары сақталған. Ол: «...оязбен сөйлестім, қазақ дауы туралы орыстың шығарған заңы бізге тура келмейтінін айттым, ояз оған тоқтап: олай болса сен қазақтың ғұрпына, әдетіне, тұрмысына лайықты заң шығарып жаз, оны съезге жиналған билерге, елге оқып бер, егер оларға ұнамағаны болса түзет, сол көптің ұнаған заңын мен бекітейін, бұдан былай қазақ ортасында белгілі заң болсын..., соны жазып жатырмын, жаңа заңды жұрт ұнатқаннан кейін ояз бекітеді». - деген екен. Бұл Ереже бізге «Абай заңдары», «Абай жазған ереже» деген атпен жетті. Құқық саласын дамытып, зерттеуде өзіндік маңызы зор бұл ережеге біраз жылдар қолға алынбады [9, 25-б.].

Бірнеше жылдардан кейін Ресей архивтерінің бірінен табылған Абайдың «Үкімет - Сенатқа» деп аталатын арызы ойшылдың құқықтық көзқарастарын зерттеу барысында жинақталған материалдарды толықтыра түседі. Абайдың құқықтық көзқарастарын зерттеуге ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [1] өзіндік әсерін тигізді. Абайдың идеяларының дәл қазіргі кезеңде маңызды екендігін тәжірибе растап отыр.

Соттардың тәуелсіз болуы мемлекеттік билік қағидаттарының маңыздысы екендігі рас. Әділетті қоғамда соттар тек заңға ғана бағынады. Осы аталған қағидаларды Абай шығармаларынан таба аламыз. Судьяларды сайлау мәселесі бұрыннан айтылуда, бірақ іске асырылмаған.

Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерде бұл үрдіс жолға қойылған. Абайдың соттарды сайлау туралы ұсынысы, оның шет елдердің заңдарынан хабардар болғандығын білдіреді. [9, 27-б.]. Абайдың пайымдауында сот шешімдері заңға сүйеніп, әділ болуы шарт.

Ол: «Кез келген үкімнің яки жазықтылықты яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер жатуға тиіс» деп тұжырымдайды.

<sup>1</sup> «Мемпарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы // <https://www.akorda.kz/kz/memleketik-apparattyn-kyzmetin-byurokratiyadan-aryltu-zhonindegi-sharalar-turaly-1333224> жүгіну күні: 14.04.2022.

«Ант» деген ұғымның мәнінің зор, жауапкершілігі жоғары екендігін ойшыл баса ескертеді. Ол ант берудің сол кездердегі элементтерін қолдануға болатындығын айтады. Аталмыш ойлар Абайдың заңгер екендігін дәлелдеп тұр. Заң ғылымдарының докторы С.Ударцев Абайды судья деп таныды [10]. Абайдың судьяларды сайлау туралы идеясы бүгінгі күні өз жалғасын тауып отыр.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев жоғарғы сот судьяларын сайлау арқылы таңдау тәсілін ұсынды. Ол: «Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс. «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.» - дейді [11]. Зерттеу барысында сот жүйесіндегі реформаларды жүргізуде Абай айтқан тұшымды ойларды негізге алу, соттардың адал болып, әділ шешімдерді шығаруына әсер ететіні дәлелденді.

Абай өз заманында әйел адамдардың құқықтары туралы айтып, әйел бостандығына назар аударады. Оны «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңінен байқауымызға болады. Неке мәселесінен туындайтын жағдайлар, оның ішінде әйел мен ер адамның тең болуы керектігі толғандырады. Ертеден келе жатқан некеге қатысты дәстүрлердің озығын заңдастыруды ұсынады. Құқықтық іс қаралғанда әйел адамның құқығы шектелмеуі керек екендігін баса айтады. Қазіргі кезеңде заңды тұрғыда болмаса да әменгерлік бойынша қайнысына немесе қайын ағасына тұрмысқа шықтым дегендерді кездестіреміз. Аталған жағдай қазақ қоғамында заңи реттелген. Мысалы, Қарамола Ережесінің 51 бабында: «Күйеуі қайтыс болған баласы жоқ әйел күйеуге шықпаса да мал-мүлікке ие болуға құқы бар. Күйеуге тисе бар малының сегізден бірін, баласы болса алтыдан бірін алады».- делінген [12]. Осы бапты сараласак, әменгерліктің құқықтық мәртебесін көруімізге болады. Қоғамымызда орын алып жатқан келеңсіз жағдайларды болдырмауда кейбір дәстүрлерімізді заңдастырғанымыз да жөн болар деп санаймыз.

Абай шығармаларын саралау нәтижесін-

де ойшылдың қылмыс туралы ғана емес, сонымен қатар қылмыстық заңдар мен жазалауға да тоқталғанын көруімізге болады. Сот әділ шешім шығаруда дәлелдерге сүйенеді, яғни жазаламас бұрын адамның кінәсінің дәлелденуі керек. Абай да адамды кінәсі дәлелденгенде ғана жазалаған дұрыс деп санайды [13]. Сол кездегі мал ұрлау, ұрып-соғу, күш көрсету, қорлау және т.б. құқыққа жат әрекеттерді ашып көрсетіп, оны болдырмау қажет дей отыра, құқықтық және құқыққа қарсы әрекеттерді түсіндіруге тырысады. Қылмыстық заңдарды саралау нәтижесі зайырлы қоғамның талаптарына сай қылмыстық заңнаманы ізгілендірілуге бет бұрғанын, ал қылмыстық жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің неғұрлым маңызды шарасы болып табылатынын анықтап отыр.

Қазіргі, біз өмір сүріп отырған қоғамда зорлық-зомбылық, соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өршуі барша халықты, мемлекетімізді де алаңдатууда. Дағдарыс орталықтарына көмек сұрап жүгінгендердің саны артпаса кемімей тұр. Жүргізілген сауалнама нәтижесі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің 30 пайызын әйелдер мен балалар құрайтынын көрсетті. Бүгінгі күні көтеріліп отырған осы жағдай ойшылдың өмір сүрген кезеңінде де болды. Абай оны көріп, қынжылды, өлеңдері арқылы наразылығын білдірді. Ресейдің отарлау саясатының келеңсіз тұстарын көріп өскен ол қазақ халқын білімді болуға, ғылыммен айналысуға тартады, көзі ашық, оқыған адамның биліктің көлеңке тұстарын көре біліп, оған қарсы тұра алатынын насихаттайды.

Абай шығармашылығын зерттеу нәтижесінде оның ел экономикасының дамуын қалағанына көз жеткіземіз. Оған оның өлеңдеріндегі өркениет, мәдениет, құқық, білім, ғылым т.б. ұғымдарды қолдануы дәлел. Қазақ халқының дамыған мемлекеттердегідей өмір сүруін аңсады. Қазақ елін шет мемлекеттер өздерімен тең санауы қажет дейді. Барлық азаматтардың құқықтары тең болғанда ғана адамдар қоғамда алаңсыз болады деп тұжырымдады [14].

Жемқорлық мәселесі бүгінгі күні қоғамдық қатынастардың барлық саласын жайлап отырғаны шын. Мемлекет болып онымен күресу жолдары айқындалып, адалдық қағидаттарының қатал орындалуын қадағалау барысында нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, арнайы органдар құрылып,

әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар жүргізілуде. Абайдың: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [15] - деген сөздеріндегі «сау еңбек» ұғымы адал болуды көрсетіп тұр. Сонымен қатар ол адам бойындағы асыл қасиеттердің жоғалып бара жатқандығын сөз етеді. Жағымпаздарды сынаиды, пара беріп билік басына келетіндердің елдің дамуына кедергісін тигізіп, қауіп төндіретінін айтады. Бұл жағдайлардың орын алуында бай адамдардың үлесі басым екендігін, қарапайым кедей халықтың шарасыз екендігін жазып, қара халықтың болашағын уайымдап, мұңаяды.

«Ұят» - адам бойындағы құндылығы басым қасиеттердің бірі. Абай бұл ұғымды былай сипаттайды: «Ұят деген адамның өз бойындағы, адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндай қылыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар» [16]. Абай: «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да» [16, 13-б.], — деп қынжылады.

«Ұят» ұғымы қай кезеңде болсын маңыздылығын жоймайтын құндылық. Қазіргі қоғамда ұяттан аттап, жат қылықтарға бой алдырған жастарымыздың кездесуі әрине, көңілімізге кірбің түсіреді. Оған дәлел әлеуметтік желідегі әдепсіз жазбалар, бейнероликтер, үлкендерге деген құрметтің жоқтығы, қоғамдық орындарда ұятсыз әрекеттерді жасау т.с.с. Ата-бабаларымыздан келе жатқан тамаша салт-дәстүрімізді жоғалтпай, жастардың бойына Абай аңсаған құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу бүгінгі аға және орта буынның еншісі деп ойлаймыз. Бұл жерде, әр адам өзін-өзі тәрбиелеу керек деген қағиданы да жоққа шығармаймыз. Болашақта «ұят болады» культінің құқықтық өмірдегі көріністерін де қоғам талқысына салу керек деп ойлаймыз [17].

Абай шығармашылығын насихаттау мемлекет тарапынан қолға алынған, «Абай әлемі» пәні оқытылады, «Абайтану» орталықтары жұмыс жасайды. Бүгінгі қоғам дамуында аса қажет болып отырған Абай әлемінің осындай тамаша тұстарын ала

отырып, насихаттау жастарды аталған жат қылықтардан ада болуға жетелеуде өз нәтижелерін береді деп санаймыз. Бұл салада Абай білім мен ғылымға аса ден қояды. Адам бала кезінен білімді болуға талпынуы керек. Бұл жерде ата-анасының тәрбиесінің мәні зор болмақ. Отбасылық тәрбие тәрбиенің барлық саласының бастауы болуы қажет. Отбасында дұрыс тәрбие алған баланы ары қарай адал азамат ретінде шыңдау қоғамдық орындардың еншісінде. Адал да әділ тұлғаның қалыптасуында білім беру мекемелерінің ролі зор. Абай шығармаларының мазмұнды, жүйелі оқытылуы біз көтерген мәселелердің шешуін жеделдететін шарттардың бірі. Абайды тану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесінде Абайдың құқықтық идеясын насихаттау әлі де өз деңгейінде емес екендігіне көз жеткіздік.

Бүгінгі күні интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы айтылуда, оның түпкі мәні қоғамдағы зиялы, білімдар адамдардың елдің болашағы, оның дамуы туралы болжауы, ой-пікірлері. Аталғандардың негізін біз Абай шығармашылығынан көре аламыз. Қазіргі заман талабына сай ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу рухани жаңғыруымыздың бір көрінісі болмақ.

### Қорытынды

Қазіргі таңда құқықтық нигилизмді (құқықты жоққа шығаруды) жеңуіміз қажет, оған көпшіліктің таң қалуын тоқтатып, заңға деген сый, құрметтеуге тәрбиелеу және жауапкершілік сезімдерін ояту қажеттілігі, яғни бұл жерде жемқорлық, заңды басынушылықтар, заңға немқұрайлы қарауға жол бермеу керектігін және аталғандар құқықтық жүйеге кереғар екендігін түсіндіру керек. Абайдың саяси, құқықтық пікірлері сол кездегі мәселелерге ғана арналып қоймай, бүгінгі таңдағы күн тәртібінде тұрған өткір проблемаларға нақты жауап беретін өміршендігімен құнды. Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін оқып қана қоймай, талдап, талқылап, ой елегінен өткізу, бүгінгі күні орын алып отырған келеңсіз жағдайлардың алдын алып, болдырмауда пайдалану барша қазақстандықтардың борышы болуы керек деп ойлаймыз. Сол себепті Абай шығармашылығының құқықтық қырларының зерттеліп, іс-тәжірибеде қолдануы маңызды.

Бүгінгі таңда шетелдіктер де өз өмір-

лерінде, қоғамдық қатынастарда қолдану үшін Абай идеяларына қызығушылық танытуда. Прага (Чехия), Минск (Белоруссия), Абу-Даби (БАЭ) қалаларында Абай орталықтары ашылған. Бұл орталықтарда Қазақстанда жоқ Абай еңбектерінің бар екендігі белгілі болды. Еліміз Абай шығар-

машылығы арқылы ұлттық бітім-болмысымызды әлемге көрсетуде. Абай тек қазақ халқына ғана емес, әлем үшін өшпестей із қалдырды. Ендеше, бізге қазіргі уақытта Абай айтқан «Ақылмен ойлап сөйлемек» [3] керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ.К. *Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан* // Егемен Қазақстан. 2020 жыл. - 09 қаңтар. – Б.2.
2. Абай Құнанбайұлының достық туралы ой орамдары // [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/45536/?ysclid=lhycgatyd541370827](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/45536/?ysclid=lhycgatyd541370827) жүгіну күні: 27.04.2017.
3. Абайдың қара сөздері // <https://abai.kz/post/6> жүгіну күні: 08.05.2009.
4. Тағы да народный сот хақында // [https://vk.com/wall-38304529\\_288577?ysclid=lhyocfpr0be15121385](https://vk.com/wall-38304529_288577?ysclid=lhyocfpr0be15121385) жүгіну күні: 19.01.2016.
5. Сәулең болса кеудеңде // <https://bilim-all.kz/olen/550?ysclid=lhyra3qdda928476057> жүгіну күні: 16.04.2015.
6. Сарпеков Р.К. *Коррупция - это болезнь: [внесены изменения и дополнения в законодательные акты РК по вопросам противодействия коррупции]* // Казахстанская правда. - 2020. - 21 октябрь. - С. 6.
7. Бирманова А.И. *Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы идеялардың саяси-құқықтық ілімдер тарихында қалыптасуы* // Қарағанды университетінің хабаршысы. 2011. <https://articlekz.com/kk/article/15858>
8. Абай Құнанбайұлы. *Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер.* – Алматы: «Раритет», 2008. – 384 б.
9. Өзбекұлы С. *Абай және адам құқы.* - Алматы. Жеті Жарғы, 1995. - 112 б.
10. Ударцев С.Ф. *Абай Құнанбаев: мыслитель, судья, законодатель* // <http://abai.kaznu.kz/rus/?p=294> дата обращения: 02.05.2013.
11. Тоқаев Қ.К. *Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам* // Мемлекет басшысының қазақстан халқына жолдауы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-madeniet/documents/details/340635?lang=kk&ysclid=lhr7zq5so1345607058> жүгіну күні: 01.09.2022.
12. Бонабаева А.Т., Газизова Н.С. *Абай Құнанбаев өлеңдерінің ерекшеліктері* // «Последние тенденции в области науки и образования» Материалы научно-практической конференции. Нефтекамск, 31.01.2022. – С. 242-245
13. Абеннова Г.Ж. *Қазақстан Республикасында парақорлыққа - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған іс-шаралардың көрінісі* // ҚазҰУ Хабаршысы. <https://articlekz.com/kk/article/17188> жүгіну күні: 2009.
14. Каренов Р.С. *Хакім Абайдың «Қара сөздер» атты керемет философиялық мұрасы. Туғанына 170 жыл толуына орай* // Қарағанды университетінің хабаршысы.. <https://articlekz.com/kk/article/15468> жүгіну күні: 2015
15. Кенжеғарев Н. *Абайдың қара сөздері һәм қазіргі қоғам* // <https://www.abai.kz/post/39273> жүгіну күні: 14.01. 2015.
16. Пангереев А. *Абай танымындағы табиғат, ғалам, адам концепциясы.* // «Абай мұрасы қоғамдық сананың жаңғыру контекстінде» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Ақтау. 05.05.2020. <file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B5%D0%BС%D0%B5%D0%B9/Downloads/abai2020-1.pdf>
17. Газизова Н.С. *Абай әлеміндегі адам құқығы және қазіргі кезең* // «Ұлы Даланың жеті қыры: жаһанданған әлем және ұлттық-мәдени түп- тамырымыз»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2020.- Б.119-125.

## REFERENCES

1. Toqaeв Q.K. *Abai jáne XXI ғасырдағы Qazaqstan // Egemen Qazaqstan. 2020jыл. - 09 қаңтар. – B.2.*
2. *Abai Qunanbaulyның достық тйралы ой орамдары // [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/45536/?ysclid=lhycgatyd541370827](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/45536/?ysclid=lhycgatyd541370827) жүгінй күни: 27.04.2017.*
3. *Abaidyñ qara sózderi // <https://abai.kz/post/6> жүгінй күни: 08.05.2009.*
4. *Тағы да народныи сот хақында // [https://vk.com/wall-38304529\\_288577?ysclid=lhyocfp0be15121385](https://vk.com/wall-38304529_288577?ysclid=lhyocfp0be15121385) жүгінй күни: 19.01.2016.*
5. *Сáýлеñ bolsa кейдеñде // <https://bilim-all.kz/olen/550?ysclid=lhupa3qqda928476057> жүгінй күни: 16.04.2015.*
6. *Sarpekov R.K. Korrýptsua - eto bolezni: [vneseny izmeneniua i dopolneniua v zakonodatelnye akty RK po voprosam protivodeistviua korrýptsu] // Kazahstanskaia pravda. - 2020. - 21 oktiabr. - S. 6.*
7. *Birmanova A.I. Quqyqtyq memleket pen azamattyq qoғam tйралы ideialardyñ saiasiquqyqtyq ilimler tarihynda qalyptasýy //Qaraғandy ýniversitetiniñ habarshysy. 2011. <https://articlekz.com/kk/article/15858>*
8. *Abai Qunanbauly. Ókinishti kóp ómir ketken ótip...: Óleñder, poemalar, qara sózder. – Almaty: «Raritet», 2008. – 384 b.*
9. *Ózbekuly S. Abai jáne adam quqy. - Almaty. Jeti Jarǵy, 1995. - 112 b.*
10. *Ýdartsev S.F. Abai Kýnanbaev: myslitel, sýdia, zakonodatel // [http://abai.kaznu.kz/rus/?p=294\\_dataobra&#8206enua:02.05.2013](http://abai.kaznu.kz/rus/?p=294_dataobra&#8206enua:02.05.2013).*
11. *Toqaeв Q.K. Adiletти memleket. Birtutas ult. Berekeli qoғam // <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-madeniet/documents/details/340635?lang=kk&ysclid=lhr7zq5so1345607058> жүгінй күни: 01.09.2022.*
12. *Bopabaeva A.T., Gazizova N.S. Abai Qunanbaev óleñderiniñ erekshelikteri // «Poslednie tendentsu v oblasti nayki i obrazovaniua» Materialy naychno-prakticheskoi konferentsu. Neftekamsk, 31.01.2022. – S. 242-245 [http://science-peace.ru/files/PTONO\\_2022.pdf](http://science-peace.ru/files/PTONO_2022.pdf)*
13. *Abenova G.J. Qazaqstan Respýblikasynda paraqorlyqqa - sybaulas jemqorlyqqa qarsy kúreske arnalǵan is-sharalardyñ kórinisi // QazUÝ Habarshysy. 2009. <https://articlekz.com/kk/article/17188>*
14. *Karenov R.S. Hakim Abaidyñ «Qara sózder» atty keremet filosofialyq murasy. Týǵanyna 170 жыл тоlýyna orai // <https://articlekz.com/kk/article/15468>*
15. *Kenjeǵarev N. Abaidyñ qara sózderi hám qazirgi qoғam // <https://www.abai.kz/post/39273> жүгінй күни: 14.01. 2015.*
16. *Pangereev A. Abai tanymyndaǵy tabıǵat, ǵalam, adam konsepsiasy. // "Abai murasy qoғamdyq sananyñ jañǵyrý konteksinde" Respýblikalyq ǵylymi-tájiribelik konferensia materialdary. Aqtaý. 05.05.2020. file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B5%D0%BC%D0%B5%D0%B9/Downloads/abai2020-1.pdf*
17. *Gazizova N.S. Abai álemindegi adam quqyǵy jáne qazirgi kezeñ // «Uly Dalanyñ jeti qyry: jahandangán álem jáne ulttyq-mádeni túp- tamyrmyz»: Halyqaralyq ǵylymi-tájiribelik konferentsuasy materialdarynyñ jinaǵy = «Sem granei Velikoi stepi: globalnyi mir i natsionalno-kýltýrnye korni»: Sbornik materialov Mejdýnarodnoi naychno-prakticheskoi konferentsu – Semei: Semei qalasynyñ Shákárim atyndaǵy memlekettik ýniversiteti, 2020.- B.119-125.*

## ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Болат Жолдасбекович Айтимов

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры; философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент); Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: bola\_30081978@mail.ru*

### Айгуль Ашимовна Нукушева<sup>1</sup>

*Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры; заң ғылымдарының кандидаты, доцент; Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: akika007@mail.ru*

### Салтанат Сайдахметовна Тинистановна

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері; тарих ғылымдарының кандидаты; Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: tin\_019@mail.ru*

**Аннотация.** Мақалада Қазақстандағы сайлау процесін ұйымдастыру мен өткізу барысында азаматтардың жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асыруының тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруында кездесетін тәжірибелік мәселелерді талдау және мұндай мәселелердің алдын-алу мақсатында ұсыныстар жасау болып табылады. Зерттеу жұмысын жүргізуде сайлау заңнамасы мен оны сайлау учаскелерінде іске асырудың тәжірибесін қарастыру талдау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Сондай-ақ, сайлау заңнамасының тәжірибесін зерттеуде байқау әдісі пайдаланылса, нәтижелері синтез әдісімен біріктірілді. Нәтижеде сайлау заңнамасында қарастырылған жалпыға бірдей сайлау құқығы, тең сайлау құқығы сияқты әмбебап қағидаттардың учаскелік сайлау комиссияларының жұмысының бастауы болып табылатын жариялылық, алқалылық, ашықтық қағидаттарымен астаса жұмыс жасамайтыны байқалды. Және де осыған байланысты талқылаулардың нәтижелері ұсынылып, жергілікті атқарушы органдардың, учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын жетілдіруге қатысты тәжірибелік және заңнамалық ұсыныстар жасалды. Зерттеу нәтижелерін азаматтың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын мейлінше қамтамасыз ету мақсатында сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіруде Орталық сайлау комиссиясының, жергілікті атқарушы органдар мен учаскелік сайлау комиссияларының қызметінде пайдалануға ұсынылады. Мақалада қарастырылған материалдар негізінде азаматтардың жалпыға бірдей сайлау құқығын қамтамасыз ету мақсатында сайлауды ұйымдастыру мен өткізу процесінің тәжірибесіне көбірек мән берілуі тиіс деген қорытындыға келдік. Себебі, теориялық тұрғыда сайлауды өткізудегі барлық құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері қамтылған деп көрсетілгенімен де, оны іске асырудың тәжірибесі әр өңірде, әрбір сайлау учаскесінде әртүрлі болып келетіні анықталды. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың сайлаушылардың тізімін қалыптастыру жұмыстарын жетілдірудің негіздері анықталды. ҚР Президенті, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауда азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын шектемеу мақсатында олардың тұрғылықты жері бойынша тіркеуде болу не болмауының маңыздылығы қарастырылды.

**Түйін сөздер:** сайлау, сайлау құқығы, азамат, сайлау процесі, демократия.

<sup>1</sup> Хат-хабарларға арналған автор



## ПРАКТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ВСЕОБЩЕГО АКТИВНОГО ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРАВА

### **Айтимов Болат Жолдасбекович**

*Ассоциированный профессор высшей школы права и экономики Жетысуского университета имени И.Жансугурова; доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), Республика Казахстан, г.Талдыкорган, e-mail: bola\_30081978@mail.ru*

### **Нукушева Айгуль Ашимовна**

*Профессор кафедры гражданского и трудового права Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат юридических наук, доцент, Республика Казахстан, Караганда, e-mail: akuka007@mail.ru*

### **Тинистановна Салтанат Сайдахметовна**

*Преподаватель-лектор высшей школы права и экономики Жетысуского университета имени И.Жансугурова; кандидат исторических наук; Республика Казахстан, г.Талдыкорган, e-mail: tin\_019@mail.ru*

**Аннотация.** В статье рассмотрены практические вопросы реализации гражданами всеобщего избирательного права при организации и проведении избирательного процесса в Казахстане. Целью исследования является анализ практических вопросов, возникающих при организации и проведении выборов при осуществлении гражданами всеобщего активного избирательного права, и выработка предложений с целью предотвращения таких проблем. Рассмотрение избирательного законодательства и практики его реализации на избирательных участках в проведении исследовательской работы осуществлялось методом анализа. Также при изучении практики избирательного законодательства применялся метод наблюдения, результаты сочетались с методом синтеза. И в связи с этим были представлены результаты обсуждений, выработаны практические и законодательные предложения по совершенствованию работы местных исполнительных органов, участковых избирательных комиссий. Результаты исследования рекомендуются к использованию в деятельности Центральной избирательной комиссии, местных исполнительных органов и участковых избирательных комиссий в совершенствовании организации и проведения выборов в целях максимального обеспечения всеобщего активного избирательного права гражданина. На основании материалов, рассмотренных в статье, мы пришли к выводу, что в целях обеспечения всеобщего избирательного права граждан, больше внимания должно быть уделено практике процесса организации и проведения выборов. Причиной данного утверждения является то, что хотя теоретически как бы все правовые и организационные механизмы проведения выборов охвачены, установлено, что опыт их реализации различен в каждом регионе, на каждом избирательном участке. В этой связи определены основы совершенствования работы местных исполнительных органов по формированию списков избирателей. В целях недопущения ограничения всеобщего активного избирательного права граждан на выборах Президента РК, депутатов Мажилиса Парламента РК была рассмотрена важность наличия либо отсутствия регистрации по месту жительства граждан.

**Ключевые слова:** выборы, избирательное право, гражданин, избирательный процесс, демократия.

## PRACTICAL PROBLEMS OF REALIZATION OF IMPLEMENTING UNIVERSAL ACTIVE VOTE RIGHT

### **Aitimov Bolat Zholdasbekovich**

*Associate Professor of the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I.Zhansugurov; PhD, associate professor; Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: bola\_30081978@mail.ru*

### **Nukusheva Aigul Ashimovna**

*Professor of the Department of Civil and Labor Law of the Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Candidate of Law, Associate Professor, Republic of Kazakhstan, Karaganda, e-mail: akuka007@mail.ru*

### **Tinistanova Saltanat Saidakhmetovna**

*Lecturer of the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I.Zhansugurov; Candidate of Historical Sciences; Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: tin\_019@mail.ru*

**Abstract.** *This article presents practical issues of citizens implementing universal suffrage in Kazakhstan during electoral processes, specifically their implementation during organisation and conduct of electoral processes. The objective is to analyze problems which arise during elections when citizens exercise universal active suffrage, in order to develop proposals on how best to manage these challenges in future elections. Analyses were employed when considering electoral legislation as implemented at polling stations via analysis method; when studying its practical implementation through observation method with results combined using synthesis. As a result, it was observed that electoral legislation does not align with its universal principles, such as universal and equal suffrage, nor with precinct election commission's working principles of transparency, collegiality and openness, which serve as foundation of their work. Discussion results were shared out, practical legislative proposals developed for improvement to strengthen local executive bodies/precinct election commission's work processes. The reason for this statement is that although theoretically all legal and organizational mechanisms of elections are covered, it is established that the experience of their implementation is different in each region, at each polling station. In this regard, the basis for improving the work of local executive bodies on the formation of voter lists has been determined.*

*In order to prevent the restriction of the universal active suffrage of citizens in the elections of the President of the Republic of Kazakhstan, deputies of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the importance of the presence or absence of registration at the place of residence of citizens was considered.*

**Key words:** *elections, suffrage, citizen, electoral process, democracy.*

**DOI: 10.52026/27885291\_2024\_76\_1\_32**

### **Кіріспе**

Елімізде өтетін Қазақстан Республикасы Президенті немесе Парламенті Мәжілісінің депутаттарын, сондай-ақ жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлау саясаткерлерді ғана емес, сонымен бірге мемлекетіміздің тағдырына бей-жай қарамайтын әрбір қазақстандық үшін қызықтыратыны белгілі. Қазіргі уақытта елімізде ҚР Конституциясы негізінде қазақстандық қоғамның қажеттіліктері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен қағидаттар-

дың ережелері мен талаптарын ескертін тиімді әрекет ететін сайлау заңнамасы қалыптасты деп есептейтін авторлар да жоқ емес [1, 6-13б.]. Шындығында заңнамалық тұрғыда сайлау процесі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жетілген және қажетті тұстары толыққан. Алайда, тәжірибеде оны іске асыруда кемшіліктері бар екені көрініп жатады және де мұндай заңнамалық-процедуралық кемшін тұстарын жетілдірудің жыл өткен сайын маңыздылығы артып келеді. Жоғарыда аталған авторлар азаматтардың «сайлау

құқықтарын жетілдірудің маңызы мен мәні қоғам мен мемлекет өмірінің өткір мәселелерін шешуде олардың өз еркін білдіруге мүмкіндік беретінімен, сол арқылы мемлекеттік өкілді органдар жүйесін қалыптастырумен» [1, 6-13б.] байланыстырады.

Біздің ойымызша, шынайы демократиялық сайлау бұл азаматтардың өз еркін ешкімнің араласуынсыз білдіре алуы арқылы мемлекеттің жоғары және жергілікті билік органдарын қалыптастыруымен көрініс табатын ел халқына ғана тиесілі егемендік құқығының көрінісі. Сайлауды ұйымдастыру мен өткізу - азаматтардың саяси билік үшін күресін бейбіт жолмен шешу мақсатын көздейді, сол арқылы елдегі бейбітшілік пен тұрақтылық сақталады. Сайлаудың әділ әрі ашық өтуі халықтың мемлекетке, мемлекеттік билік органдарына деген сенімін нығайтып, ол өз кезегінде саяси тұрақтылыққа қол жеткізудің бірден-бір құралы екенін ұғынатын уақыт жетті. Демек, мемлекеттегі саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрақтылық пен бейбіт өмірдің басты негізі сайлау процесін ашық әрі жариялы өткізу десек қателеспейміз. Сондықтан сайлау процесінің барлық кезеңдерінде шынайы демократиялық сайлаудың жалпыға бірдей сайлау құқығы, тең сайлау құқығы, төте сайлау құқығы, азаматтардың жасырын дауыс беру арқылы ерікті еркін білдіруі сияқты әмбебап қағидаттары сайлау комиссиялары қызметінде сақталуы тиіс алқалылық, ашықтық пен жариялылық сияқты принциптерімен астасып жатуы тиіс.

ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауларын талдау сайлау процесін жетілдірудің мемлекет пен қоғам үшін көкейтесті мәселе болғанын көрсетеді. Жолдауларға құқықтық талдау жүргізу сайлау процесін реформалаудың қоғамды одан әрі демократияландырумен байланысты реформалармен қатар жүргенін байқатты. Айтар болсақ, ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2021 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды» деп көрсете отырып, сайлауды реформалаудың мұндай қадамдары қоғамның саяси жаңғыруы-

ның алғышарты болғанын атап өтті<sup>2</sup>. Сайлау процесі еліміздегі әкімшілік реформаларды жүзеге асырудың тәсілі ретінде де президент жолдауларында үнемі аталып өтіледі<sup>3</sup>. Президент жолдаулары мен сөйлеген сөздерінде сайлауды реформалау арқылы еліміздегі сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлауға, ауыл, кент, сондай-ақ аудан әкімдерін сайлауға мүмкіндік алғанымызды аңғаруға болады.

Тақырыптың өзектілігін бізге дейінгі жасалған ғылыми талдаулардан байқауға болады. Отандық және шетелдік ғалымдар азаматтардың сайлау құқығының әртүрлі мәселелеріне тоқталып келеді және бұл қуантарлық жағдай екенін айта кетуіміз керек. Соңғы 5 жыл көлеміндегі оқу және ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отырып, ғалымдардың сайлау құқығын жүзеге асырудың негізгі шарттарына [2, 39-51б.], сондай-ақ авторлардың көпшілігі сайлау құқығын іске асырумен байланысты шағымдарды қараудың сотқа дейінгі және соттық тәжірибесіне шолу жасайтыны анықталды. Қазақстандық ғалымдар Ф.А. Ержанова, Р.М. Жамиева, Г.А. Ильясова өз мақаласында сайлау заңнамасын қолданудың тәжірибесі сот тәжірибесін талдаған [3, 27-36б.]. Сондай-ақ, сайлау процесі барысындағы шешімдер мен әрекеттерге шағым жасау мен олардың күшін жоюдың сотқа дейінгі тәжірибесін авторлық ұжыммен қарастырса [4, 1-10б.] және сотта қаралу мәселелеріне де тоқталған ғылыми еңбектер кездеседі [1, 6-13б.]. Сайлау комиссиясы мүшелерінің мәртебесінің қазіргі жағдайына тоқталған ғылыми зерттеулер де бар [5, 19-28 б.].

Отандық ғалымдардың кейбірі мүгедек адамдардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын қамтамасыз етудің артыру мақсатында сайлау туралы заңнамаға өзгерістер енгізуді қарастырған [6, 50-59б.] және де бұл ғылыми зерттеулерді де нәтижелі болғаны қуантады. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына 2022 жылдың 5 қарашасында енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеуде партиялар тарапынан ұсынылатын тізімде және депутаттық мандаттарды бөлген кезде ман-

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>

даттардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайтын үш санат өкілдеріне мүгедектігі бар адамдар енгізілді<sup>4</sup>.

Азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыруда негізге алынуы тиіс бастапқы қағидалардың сақталауының маңызы мен мәнін, оның қазақстандық тәжірибесін ашуға тырысқан еңбекті ерекше атауға болады [7, 77-86 б.]. мақалада қазақстандық сайлау жүйесінің мажоритарлық жүйеге қайтадан көшуінің ерекшеліктерін, ауыл, кент көлеміндегі әкімдерді сайлаудың ерекшеліктері мен соңғы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжіліс депутаттығына сайлауды өткізуде жіберілген бұзушылық жағдайларға тоқталған [7, 82-83б.].

2023 жылғы 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау барысында дауыстарды санауда<sup>5</sup>, байқаушылармен жұмыс жасауда<sup>6</sup>, дауыс беруді ұйымдастыруда<sup>7</sup>, бюллетеньдерді таратуда<sup>8</sup>, дауыстарды санауда<sup>9</sup> т.б. сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде сан түрлі заңсыздықтар мен келеңсіздіктер орын алғанын БАҚ және әлеуметтік желі контенттерін талдауда байқалады. Және мұндай мысалдарды мақаламызда көптеп көрсетуге болады. Осыған орай, сайлау процесінің ашық әрі жариялы түрде өтуі, сайлауда азаматтың саяси құқықтарын толығымен қамтамасыз ету, сайлауды өткізу барысында саяси науқанға ешқандай кедергі жасамау мәселелері сайлау процесін, соның ішінде дауыс беруді ұйымдастыру тәжірибесін тағы да бір қайта қараудың өзектілігін туғызып отыр.

### Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасында сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде сайлау құқығының принциптерінің сақталуын зерттеу үшін соңғы жылдардағы отандық ғалымдардың еңбектері, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы, Орталық Сайлау комиссиясы қабылдаған нормативтік актілері, сондай-ақ сайлау комиссияларының жұмысын байқау нәтижелері алынды. Ғылыми

еңбектердегі ой-пікірлер мен сайлау туралы заңнама нормаларына талдау жасалып, олардың тәжірибемен салыстыруда салыстырмалы-құқықтық, синтез әдісі пайдаланылды.

### Талқылау мен нәтижелер

Сайлауды өткізудің қазақстандық тәжірибесін талдай келе азаматтардың саяси құқығына, соның ішінде жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін бірнеше тәжірибелік мәселелер бар екені байқалды.

Азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруда туындайтын ең бірінші мәселенің бірі олардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болу мәселесі. ҚР Конституциясының 33-бабының 2-тармағы «Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар деп көрсетіледі. Демек, сайлауда жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын іске асырудың ең маңызды шарты ретінде ең жоғарғы күші бар ҚР Конституциясы «республика азаматы» болуы жеткілікті деп көрсетеді. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы адамның азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі шарттың бірі тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болуы. Азамат сайлау күні өзінің болатын жерінде мемлекеттік тіркеуде болмаған жағдайда оған дауыс беру мүмкіндігі берілмейді. Мұндай мүмкіндік негізгі тіркелген жері бойынша есептен шығару куәліктері болғанда ғана беріледі. Облыстық, аудандық мәслихат депутаттарын сайлауда есептен шығару куәліктерін болғанның өзінде сайлаушы дауыс беру күні келген жеріне қарай өзіне тиесілі бюллетеньдердің біреуі (үшеуі не төртеуі) бойынша ғана дауыс беруге мүмкіндігі бар. Нәтижесінде, ҚР азаматтарының конституцияда баяндалған жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы шектеледі. Осыған сәйкес, ҚР азаматтарының конституциялық

<sup>4</sup> «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>

<sup>5</sup> Сайлау 2023 Мойнақ / 2 часть // <https://www.youtube.com/watch?v=mmUFxKqpxpU>

<sup>6</sup> Сайлау 2023 Мойнақ / 1 часть // <https://www.youtube.com/watch?v=mmUFxKqpxpU>

<sup>7</sup> Сайлау-2023: Бір өкініш, Бір үміт ... <https://zhasalash.kz/news/sajlau-2023-bir-okinish-bir-umit-23841/>

<sup>8</sup> Сайлау 2023: Дауыс беру қалай өтті? <https://abai.kz/post/166584>

<sup>9</sup> Аманбек Әміртай: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сеніміне қиянат жасалды // <https://www.facebook.com/reel/944995443358028>

сайлау құқықтарын шектеуді болдырмау мақсатында мемлекеттік тіркеу мәселесі жетілдіруді талап етеді. Бұл мақсатта шетелдік тәжірибелерді ескере отырып<sup>10</sup>, сайлаушыларды тіркеудің орталықтандырылған жүйесінен бас тартып, олардың кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беруіне мүмкіндік беруді қамтамасыз ету уақыт күттірмейді. Оны шешу тәжірибегі ел (аймақ) болашағы үшін дауыс беруге мүмкіндігі бар азаматтарымыздың барлығының да еліміздің кез келген нүктесінде дауыс беруге мүмкіндігін тудырады.

Екінші мәселе учаскелік сайлау комиссияларының жұмыстарын ұйымдастыруда болып отыр. Мәселені тарқатып айтсақ, ең алдымен сайлау комиссияларының бюллетеньдермен қамтамасыз етілуі. Бұл аса маңызды мәселе себебі, сайлау бюллетеньдерінің кез келген қолда жүруі елімізді демократияландыру үрдісіне көлеңкесін түсіреді. Нәтижесінде, сайлаушылардың үмітін жоғалта отырып, мемлекеттік билік органдарына, сайлауға деген сенім азаяды. Учаскелік сайлау комиссияларын бюллетеньдермен қамтамасыз ету тәжірибесін зерттей келе, 2 түрлі сұрақ туындады. Біріншісі, сайлау бюллетеньдері тәжірибеде аудандағы аумақтық сайлау комиссиялары түрлі жеке баспа үйлерінде тапсырыс негізінде әзірлейді. Бюллетеньдердің сайлаушылардың жалпы санының 1% резервімен (немесе одан артық) дайындалып жатқанын байқаушылар немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы тарапынан бақылай алу механизмі қалыптаспаған. Екіншісі, сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1% резервімен жеткізіледі. Бұл жерде туындайтын мәселе сайлаушылардың саны 500-ден төмен сайлау учаскелеріне жеткізілетін резервтің санының жеткіліксіздігі. Айта кету керек ауылдық жердегі сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары болып келеді. 1% резервтегі бюллетеньдер есептен шығару куәлігімен (бұл негізінен бюллетеньдерді күзетуге келген құқық қорғау органдары қызметкерлері) келгендерге, мемлекеттік тіркеуде бар, бірақ та сайлаушылар тізімінде жоқ азаматтарға (мұндай азаматтарды УСК өз шешімімен сайлаушылар тізіміне сайлау күні де енгізуге құқылы), бюллетеньді бүлдіріп алған аза-

маттарға жеткіліксіз. Бюллетеньдердің жеткіліксіздігі нәтижесінде азаматтарды дауыс беруге жібермеуге сол арқылы олардың конституциялық құқықтарын тағы да шектеуге алып келеді. Сонымен бірге тәжірибеде бюллетеньдер жеткіліксіз болған жағдайда, УСК-сы аумақтық сайлау комиссиясынан арнайы сұраныс негізінде алдырту тәжірибесі қалыптасқандығын байқадық. Егер, аумақтық сайлау комиссияларында басы артық бюллетеньдер болатынын ескерсек, біз жоғарыда айтқан демократиялық үрдістердің, әрбір азаматтың ел болашағынан қатысу мүмкіндігінің азаятынына көз жеткізу қиын емес. Сайлау бюллетеньдерінің жеткіліксіздігі ауруханалар мен уақытша ұстау изоляторларында құрылған УСК тәжірибелерінен байқауға болады. Мұндай мекемелерге сайлау күні келіп түскен азаматтар дауыс беруді өткізетін күні тізімге енгізіледі<sup>11</sup>. Қанша азаматтың науқастанып түсетінін немесе уақытша ұстау изоляторына түсетінін алдын ала білу мүмкін емес. Бұл жағдайда да кейбір азаматтар өзінің жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының қызметі ашықтық, алқалылық және жариялылық принциптерінің негізінде жүргізілуі тиіс. Тәжірибеде осы принциптердің іске асырылу мәселесі біз айтып отырған екінші сұрақты туындатады. Нақтырақ айтсақ, учаскелік комиссия бұл алқалы орган, азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу, тізімнен шығару, немесе бюллетень беруден бас тарту сияқты т.б. мәселелерді шешуді комиссияның алдына мәселе қойылып, 3/2 мүшелердің қатысуымен, ашық дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер заңды деп танылуы тиіс. Тәжірибеде барлық шешімдерді комиссия төрағасы қабылдайды және шешім қабылдау процесі ашық түрде жүрмейді. Оны байқаушылардың бақылауына мүмкіндік берілмейді. Бұл сайлау процесінің ашық әрі жариялы түрде өтуіне ғана емес, сонымен бірге азаматтың жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асыруына да кедергі келтіреді деп есептейміз. Себебі, бірнеше рет өткен сайлауды бақылау, оның құжаттамаларын байқау барысында азаматтардың тізімге енгізу туралы өтініштерін тіркеп, бюллетень беруден бас тарту туралы

<sup>10</sup> Процедура выборов в парламент Ирана // <https://ria.ru/20200221/1564959730.html>

<sup>11</sup> «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_)

комиссиялары хаттамалары жоқтың қасы деп айта аламыз. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР конституциялық заңының 18-бабы УСК-сы «сайлау туралы заңды түсіндіруді ұйымдастырады» деп нақты көрсеткен. Өрбір сайлау учаскесіне келген азаматтың дауыс беруге байланысты толық түсініктеме алуға құқығы бар. Сонымен бірге дауыстардың санау процедурасы да біз жоғарыда айтып отырған ашықтық, жариялылық принциптерін сақтай отырып өткізілуі тиіс. Біздің УСК дауыс санауда оған байқаушыларды қатыстыруда елеулі қателіктер жіберіп жатады.<sup>12</sup> ҚР Сайлау туралы конституциялық заңы «Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік білдіруін жариялайды», «Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.» деп көрсетілген. Алайда, тәжірибеде дауыстарды санаудың біркелкі тәжірибесі қалыптаспағанын байқау қиын емес. Көбіне дауыс берудің нәтижелерін комиссия мүшелері ешкімге жарияламастан санайды, сондай-ақ байқаушыларға заңсыз шектеулер қояды (6 метр қашықтықта тұру).<sup>13</sup> Осыған байланысты сайлау учаскелерінің жұмысын жоғары аталған қағидаттарға сәйкес ұйымдастыру мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыру тәжірибесін талдауда анықталған келесі мәселе дауыс беру процесіне байланысты туындайды. ҚР сайлау туралы конституциялық заңы «республика Президентін, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын, мәслихат депутаттарын ҚР азаматтары тікелей сайлайды және де мұндай төте сайлау құқығын ешкімнің бақылауына мүмкіндік бермеу үшін дауыс берудің жасырын болуы» принципін қарастырады. Науқастығына, қарттығына байланысты бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ

сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін алуға құқылы деп көрсетілген. Алайда, мұндай өзі сенетін адамның қандай адам болуы қажет деген мәселелер де шешімін таппаған. Мысалы, оның жас мөлшері, әрекетке қабілетті болуы деген сияқты мәселелер заңда нақты айқындалмаған. Тәжірибеде мұндай көмек көрсеткен адамдарды сайлаушылар тізімінің ескертпесіне немесе берілген өтінішке тіркеу, олардың мәліметтерін енгізу тәжірибесі қалыптаспаған. Нәтижесінде, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР конституциялық заңының 42-бабының 1-тармағында көзделген адам көмектесіп жатырған жоқ па? деген сұраққа мүлдем жауап таба алмайсыз. Ал бұл өз кезегінде азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын іске асырудағы адамның еркін ерікті білдіруіне әсер етеді. Бұл мәселе де заңда айқындалуы тиіс деп ойлаймыз.

### Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде, Қазақстан Республикасындағы сайлау процесін жүзеге асыру жеткен жетістіктерге қарамастан, алдағы уақытта әлі де жетілдірер тұстары бар екені анықталды.

1. ҚР азаматтығын алған, алайда тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуге тұрмаған, сондай-ақ тумысынан ҚР азаматы болып табылатын, осыған қарамастан тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуге тұрмаған азаматтарды айқындау және де сайлаушылар тізімінде қайтыс болған немесе шетелген тұрғылықты тұруға немесе азаматтығынан айырылған азаматтарды сайлаушылар тізімінде болдырмау мақсатында жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордағы мәліметтерді жаңарту жұмыстарын қолға алу қажет.

2. Президент, Парламент мәжілісі депутаттарын сайлауда тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болу қағидатын негізге алынбауы қажет. Бұл жағдайда Шығыс Еуропа елдері мен Иран тәжірибесін негізге алуға болады.

3. Сайлаушылардың белсенділігіне Орталық және аумақтық сайлау комиссиясының тарапынан мониторинг жасалып, резервпен берілетін бюллетеньдердің санын арттыруға заңды мүмкіндік беру қажет.

4. Өз бетінше бюллетенді толтыруға мүм-

<sup>12</sup> «Қылмыстық топ сияқты». Референдумда «заң бұзуды» көрген тәуелсіз бақылаушылар comma жеңілді // <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-observers-who-found-violations-in-the-referendum-lost-in-a-lawsuit/31909324.html>

<sup>13</sup> Сайқымазақ сайлау – ауылдан бастала ма?! // <https://zhasalash.kz/news/sajqymazaq-sajlau-auyldan-bastala-ma-23155/>

кіндігі жоқ азаматтарға көмектесе алатын азаматтың белгілері заңда нақтылануы тиіс (мәселен, азаматтығы, жас мөлшері, әрекетке қабілеттілігі т.б.).

5. Учаскелік сайлау комиссияларында

сайлау процесіндегі, соның ішінде дауыс беру күні атқарылуы тиіс процедуралардың нақты бір әдіснамасы жасалып, Орталық сайлау комиссиясының Қаулысымен бекітілуді қажет етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мусилимова К.С., Е.К. Кубеев, Билялова М.И. *Обжалование и отмена решений и действий в ходе избирательного процесса // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». - №3 (99)/2020. – С.6-13.*

2. Таубаев Б.Р., Телеуев Г.Б., Амирова Б.К., Сабырбаев А.М. *Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: оқу құралы. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018. – Б.39-51.*

3. Ержанова Ф.А., Жамиева Р.М., Ильясова Г.А. *Некоторые вопросы совершенствования избирательного законодательства РК: анализ судебной практики // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». - №1 (97)/2020. – С.27-36.*

4. Bilyalova M.I. *Some questions of improvement of electoral legislation in the Republic of Kazakhstan / M.I. Bilyalova, K.S. Musilimova, G.A. Ilyassova // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. — 2019. — V. 22. — Iss. 2. — P. 1–10.*

5. Yerzhanova F.A. *Status of members of election commissions: legislation, practice and international experience / F.A. Yerzhanova, K.S. Mussilimova // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. - 2019. - № 2 (94). - С. 19–28.*

6. Сартаева Н.А., Ахметов Е.Б. *Вопросы совершенствования законодательства о политических партиях и выборах в целях обеспечения участия лиц с инвалидностью в общественно-политической жизни страны // Вестник института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. – 2022. - №4 (71). – С.50-59.*

7. Балабиев К.Р., Құрманова А.Қ. *Қазақстанды жаңғырту бағытында сайлау құқығы қағидаларын жүзеге асыру мәселелері // Qazaqstan Respublikasy Zańnama jáne quqyqtuq aqparat institutytynyń JARSHYSY. Gylymi-quqyqtuq jýrnal. – 2023. - №3 (74). – Б.77-87.*

## REFERENCES

1. Musilimova K.S., E.K. Kubeev, Biljalova M.I. *Obzhalovanie i otmena reshenij i dejstvij v hode izbiratel'nogo processa // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pravo». - №3 (99)/2020. – S.6-13*

2. Taubaev B.R., Teleuev G.B., Amirova B.K., Sabyrbaev A.M. *Қазақстан Respublikasynuń sajlau ququǵy: oqu quuraly. – Taldyqorǵan: I.Zhansygirov atyndaqy Zhetisu memlekettik universiteti, 2018. – B.39-51*

3. Erzhanova F.A., Zhamieva R.M., Il'jasova G.A. *Nekotorye voprosy sovershenstvovaniya izbiratel'nogo zakonodatel'stva RK: analiz sudebnoj praktiki // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pravo». - №1 (97)/2020. – S.27-36*

Жиналған деректерден мағыналы ақпаратты алу үшін зерттеуде тақырыптық талдау әдістемесі қолданылды [9]. Бұл зерттеу тақырыбына қатысты қайталанатын үлгілерді, үрдістерді және жалпы тақырыптарды анықтау үшін жиналған деректерді мұқият кодтау процесін қамтыды. Әртүрлі құжаттар жинағынан алынған ақпаратты санаттау және жүйелеу арқылы зерттеу университет пен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықтың ағымдағы жай-күйін ғана емес, сонымен қатар осы маңызды ынтымақтастықты қалыптастыратын негізгі факторларды, кедергілерді және мүмкіндіктерді анықтауға тырысты. Тақырыптық талдау тәсілі Қазақстандағы университет пен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықтың көп қырлы аспектілерін жан-жақты қарастыруға және бұл ынтымақтастықтың трендтерін, оған қатысты құқықтық шектеулер мен саяси олқылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

### Ғылыми нәтижелер мен талқылау

Саяси және құқықтық актілерге талдаудың нәтижесінде келесідей нәтижеге қол жеткіздік. Үстіміздегі жылы ҚР Үкіметі Қаулысымен «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»<sup>5</sup> бекітілді. Бұл Тұжырымдамада өңірлік университеттер сол өңірдің ғылыми және инновациялық хабына айналу, ғылым-инновация-өндіріс байланысын қамтамасыз ету, өнеркәсіп университеттердің қамқоршысы болады деп көзделген. Заңнамалық тұрғыдан қарасақ бұл тек тұжырымдама, яғни бұл

идеялар іске асу үшін әлі оны жүзеге асыру бойынша заңдар мен заңға сәйкес актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет. Әрине, Қазақстанда университет пен өнеркәсіп саласында ынтымақтастық орнату бойынша нормативтік актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар ҚР ҒЖБ министрлігі тарапынан дайындалып жатқанын жуырда министр С. Нұрбек өз сұхбатында айтты. Министрдің айтуынша өнеркәсіп саласының жоғары білім саласымен ынтымақтастық жасауға ынтасын көтеру үшін, Үкімет оларға 150%-ға дейін салықтық жеңілдіктер мен несиелер беруге және өзге де жеңілдіктер беруге дайын екенін айтты. Ол нормативтік актілерге өзгерістер бойынша ұсыныстар келесі жылдың көктем айларында дайын болатынын айтты. Әрине, бұл өте орынды және тиімді бастамалар. Алайда, заңдардың Парламенттен өту процедура-сы ұзақ мерзім алатынын, және заңға сәйкес актілер басқа министрліктермен келісімнен өту қажеттігін және олардың аса мүдделі емес екенін ескерсек, бұл идеялар өмірге келу мүмкіндігі шамалы екенін байқауға болады.

Шын мәнінде заңды түрде өнеркәсіп компанияларын университеттермен ынтымақтастық орнатуына заңды негіз болып табылатын жалғыз заң, яғни Жер қойнауы пайдалану туралы ҚР Кодексі<sup>6</sup> бар. Осы Кодекске сәйкес, бұл салада қызмет ететін компаниялардың барлығы өз инвестициялық салымынан 1% кадр дайындауға және 1% ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмсау керек. Алайда, бұл Кодекстің нормалары әлі де толық жұмыс істемей келеді. Өнеркәсіп компанияларын университеттермен ынтымақтастық жасауына міндеттейтін басқа заң немесе заңға сәйкес акт әлі естімедік. Әрине, басқа министрліктердің кадр дайындау және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге жоспарланатын бюджеті болатын шығар, алайда ондай қаржының университеттерге жеткені туралы ақпараттар табу өте қиын. Мұнда бір қатар сұрақтар туындайды. Неге Үкімет біреу бірақ министрліктер өзара келісіп Үкіметтің қаулысымен бекітілген бағдарламаны жүзеге асырмайды. Осының алдында да бес жыл он жыл сайын мемлекеттік бағдарламалар Президенттің жарлықтарымен немесе Үкіметтің қаулыла-

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>, 25.11.2023.

<sup>6</sup> Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года №125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125>, 25.11.2023.

рымен бекітіліп келген. Сол құжаттарда да өнеркәсіп пен жоғары білім саласы бірлесіп қызмет ету керек деп талай айтылған болатын [10]. Алайда, университеттерге өнеркәсіп компанияларынан қаржы түсіп жатыр деген ақпараттар болған емес. Тек соңғы екі жылда ғана Жер қойнауын пайдалану туралы Кодекстің күшімен өнеркәсіп компаниялары тарапынан жергілікті университеттерге кішігірім қаражат түсіп жатқаны туралы естіліп жатыр.

Өнеркәсіп пен жоғары білім саласының арасында ынтымақтастықтың орнату Қазақстанда неге дамымай отыр және оған қандай кедергілер бар екенін білу үшін, ең алдымен осы екі саланың бір бірімен әріптестік орнатуына қандай ортақ мүдделері бар екенін қарастырып көрейік. Әлемдік тәжірибеге шолу жасақ, университет пен өнеркәсіп арасында ынтымақтастық орнату идеясы бірқатар объективті себептердің негізінде пайда болды. Мұндай ынтымақтастыққа баруға екі жақ та мүдделі болды деп айтуға болады. Ең алдымен, әрине мұндай әріптестікке университеттер мұқтаж болды деуге болады. Оған келесідей себептер болды. Біріншіден, барлық елдердің үкіметтері жоғары білім саласы өнеркәсіп компанияларымен ынтымақтастық жасасып, білім мен ғылым инновациялық өзгерістерге әкелсін деген саясат ұстануда [1]. Мұндай әріптестіктің нәтижесінде өнеркәсіпке жаңа идеялар барып, өндірістік қатынастар экономикалық тұрғыдан тиімді болады деген сенім бар. Мұндай саясат университеттердің үшінші миссиясының маңызды рөл атқаратынын және олардың әлеуметтік, инновация және кәсіпкерлік функциясы мемлекет үшін маңызды екенін көрсетеді [11]. Екіншіден, университеттің кәсіпкерлік қабілетін дамытуға қатысты мемлекеттің саясаты білім алмасу және университеттегі ғылымның өмірде болып жатқан тәжірибелік мәселелерді шешуіне әкелді деп саналады [12]. Үшіншіден, әлемде көп елдерде жоғары білім саласы неолибералдық идеяларға негізделген басқару жүйесіне бет бұрды, яғни жоғары білім саласына мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы жыл санап азайып барады. Мұндай жағдай АҚШ университеттерінің бюджетінен айқын көрініс тауып отыр [13]. Сол себепті де, АҚШ-тың университеттері нарыққа бағытталған басқару саясатын ұстанып, кәсіпкерлік университет

моделін кең қолдауда. Мемлекеттік бюджеттен қаржы аз бөлінген сайын университеттер коммерциялық пайда табуды көздеп, оқу ақысын асыра көтеріп отырғанын көріп отырмыз. Сондай-ақ, ол университеттер өнеркәсіп компанияларымен тығыз ынтымақтастық орнатып, өздерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін түрлі көзден қаржы тарту жолдарын іздестіруде. Әрине, жекелеген елдердің контекстінде мұндай ынтымақтастыққа барудың өзге де себептері кездесуі мүмкін.

Өнеркәсіп компаниялары да жоғары білім саласымен ынтымақтастық орнатуға мүдделі болып отыр. Әрине, Қазақстан сияқты елдерде өнеркәсіп компаниялары мұндай әріптестікке аса мүдделі емес. Оның бірқатар себептері бар және оны төменде қарастырамыз. Алайда, жоғарыда айтып кеткендей, АҚШ-тың университеттерінің тәжірибесі озық тәжірибені көрсетіп отыр. Дегенімен, өнеркәсіп компаниялары да университеттермен ынтымақтастық орнатуға қызығушылығы бар және оған келесідей себептер негіз болуы мүмкін. Біріншіден, көптеген елдердің үкіметтері өнеркәсіптің университетпен әріптестік орнатуын қамтамасыз ететін түрлі нормативтік актілер мен халықаралық келісім шарттар жасасып жатыр. Мысалы, Экономикалық ынтымақтастық даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшылары осы ұйымға мүше елдерге университеттің басқару органдарына сыртқы мүдделі тараптар ретінде өнеркәсіп компанияларының өкілдерін тартуды ұсынды [1]. ЭЫДҰ-ның мүше елдерінің үкіметтері, өз кезегінде, осы ұсыныстарды қолдап, осы бағытта белсенді жұмыстар жүргізуде. Бұл ұйымға кіретін елдер онсыз да экономикасы мықты елдер, соған қарамастан осындай саясатты үкімет аралық деңгейде маңызды деп тауып отыр. Ал Қазақстанда мұндай бағыттағы жұмыстар соңғы екі жылда ғана қолға алынып жатыр. Тек жер қойнауын пайдаланушы өнеркәсіп компаниялары ғана заң бойынша өз инвестициялық қаржысының көлемінен 1% кадр дайындауға және 1% ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмсауға міндетті<sup>7</sup>. Алайда заңдардағы қарама қайшылықтар мен олқылықтардың салдарынан бұл бағыттағы жұмыстар әлі де нашар жүріп жатыр. Екіншіден, өнеркәсіп компаниялары да университеттер сияқты мұндай ынтымақтастыққа өз пайдасы үшін мүдделі

<sup>7</sup> Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125>, 25.11.2023.

болуы мүмкін. Себебі, АҚШ-тың әлемдік университеттерінің тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, жүздеген ІТ компаниялары Стэнфорд университетінің аумағында орналасқан Кремний алқабында кеңселері бар [7]. Яғни, ол компанияларға сол жерде жұмыс істеген тиімді болған соң отырғанын білдіреді. Бизнес әлемінде бір компанияны оның еркінен тыс әріптестікке тарту мүмкін емес, тек оның қызығушылығы мен сенімі арқылы ынтымақтастық болады [14]. Ондай ынтымақтастықтан ол компаниялар пайда таппаса, зиян шекпейтінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Әрине, өнеркәсіп компанияларын қызықтыратын басқа да себептер көп және ол түрлі сипатта болуы мүмкін.

Алайда, университет пен өнеркәсіп арасында ынтымақтастық орнатуда белгілі бір кедергілер де болуы мүмкін. Ең алдымен, бұл екі тараптың мүдделерінің түрлі болуында. Университеттер білім беру мен оны таратуға басымдық берсе, өнеркәсіп компаниялары бәсекелестік пен нарықта басымдыққа ие болуға тырысады [15]. Мұндай мүдделер қарама қайшылығын жою үшін екі тарапты ашық әңгімеге шақырып бір бірінің мүдделерін ескеріп, әңгіменің басын ашып алған дұрыс деп саналады. Келесі бір ғалымдар өнеркәсіп компаниялары салған инвестициясын қысқа мерзімде қайтаруға тырысады, ал университеттер ынтымақтастықты ұзақ мерзімді мақсаттарды көздеп жасайды дейді [16]. Әрине бұл орынды мәселе, себебі Қазақстанда өндіріс орындарында көп жағдайда құрал саймандар шетелдің компанияларының өнімі. Олар қазақстандық ғалымдардың өнімдерін тәжірибеге енгізу өте көп ақша және ұзақ уақыт талап ететін шығынды шаруа ретінде санайды. Келесі бір қазақстандық ғалымдар индустриалдық инновациялық бағдарлама еліміздің университеттерінің ғылыми инновациялық элементін көтеруге бағытталған және ол үшін ғылымда халықаралық әріптестік орын алу керек деп санайды [10]. Олар сонымен қатар, қазақстандық университеттер кеңестік дәуірден қалған миссиясын, яғни тек білім беруге бағытталған емес, ал білім, ғылым және өнеркәсіп саласымен тығыз байланыста даму керек дейді. Кеңес үкіметі кезінде ғылым жоғары оқу орындарынан бөлек болған және ол ҚР Ғылыми Академиясының еншісінде болған деп саналады. Сондықтан да, жоғары оқу орындары негізінен кадр дайындауға бағытталып, оқытумен айналысқан дейді. Тағы бір зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның жоғары білім сала-

сында әкімшілік реформалардың оң нәтиже бермей жатқанының бір себебі ол қатаң орталықтандырылған бюрократиялық басқару жүйесінде [17]. Мұндай жүйеде паракорлық жайлап, ашық және әділ басқару болмайды деп түсініледі. Қатаң орталықтанған басқару жүйесі университеттердің автономиясын шектеп, оларға өзін өзі қаржыландыратын деңгейге жетуге мүмкіндік бермейді деп саналады. Әрине, мұндай жағдайда университет пен өнеркәсіп арасында ынтымақтастық орнату өте қиын.

Паракорлық Қазақстанның атқарушы билік органдарында жиі кездесетін құбылыс екенін күнделікті жаңалықтан көріп отырмыз. Ал білім және ғылым саласында паракорлыққа қатысты қылмыстық істер жыл сайын қозғалуда. Әрине, паракорлық туралы қылмыс өз табиғаты бойынша латентті, яғни жасырын көп жағдайда ашылмайтын және анықталмайтын қылмыстар қатарына жатады. Себебі, бұл қылмыс түрінде екі тараптың да жауапқа тартылу қауіпі бар және сондықтан да, екі тарап та қылмысын жасыруға тырысады. Көп жағдайда бұл ұйымдасқан топпен, лауазым иелерінің арасында келісіммен жасалады. Ал енді жоғары білім саласын басқарудағы паракорлық өнеркәсіп пен университет арасына қалай әсер етуі мүмкін деген сұраққа жауап беріп көрейік. Біздің пікірімізше, мұны біз министрліктердің бір бірімен келісіммен жұмыс істемеуі және ірі өнеркәсіп компанияларының олигархтар мен трансұлттық компанияларына тиесілі болуында. Ондай ірі компанияларды университеттермен әріптестікке тартуға министрліктің немесе жергілікті атқарушы билік органдарының шамасы келмей отыр. Мысалы, мұнай, газ, уран, мыс, көмір өнеркәсіптерінде шетелдің ірі компаниялары жұмыс істеп жатыр. Олардың барлығы Үкіметпен шарт негізінде жұмыс істеуде және олар үшін Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтарының заңды күші болмайды. Оның үстіне Ескі Қазақстанның тұсында жер қойнауын пайдалану саласындағы компаниялар ірі олигархтардың қолында болып, солардың жеке меншігі болып саналды. Халықтың ортақ байлығы болып саналатын ата бабаларымыздан қалған жер қойнауындағы байлықтың қызығын неге халық көрмейді? Неге ол байлық тек бір адамдардың немесе бір әулеттің меншігіне айналу керек? Бұл паракорлық емегенде не? деген сұрақтар туындайды. Мысалы, 2000-шы жылдары Қазақстанның оншақты ірі университеті жекешелендіріліп кетті [18]. Ол университет-

тер кімнің меншігінде екені белгісіз. Мұны ешкім білмейді. Барлығы жасарын болып отыр. Мұндай ашықтық жоқ қоғамда жоғары білім саласын дамыту мүмкін емес деген ой келеді.

Қазіргі кезде Жаңа Қазақстанда заңдар жұмыс істей бастады, оның куәсі жоғарыда аталған Кодекстің жұмыс істей бастауы. Әлі де бұл Кодекстің нормаларын орындамай отырған ірі компаниялар көп болып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі компаниялар өз ішінен зерттеу институттарын ашып, ақшаны өз ішінде аударып, қаржыны сыртқа университеттерге шығармай отыр. Жер қойнауын игеру саласында мұнай, газ, уран өндіретін жүздеген компаниялар қызмет етіп жатқанын ескеретін болсақ, кадр дайындау және ғылымға бөлінетін миллиардтаған қаражат университеттерге түспей отырғаны анық. Өңірлік ірі мемлекеттік университеттерінің бір жылдық бюджеті 6-8 миллиард теңге төңірегінде екен. Мысалы, бір өңірлік университеттің жылдық бюджеті 6,5 миллиард теңге. Ал ол университетте 15 мыңнан астам студент екі мыңнан астам оқытушы қызмет етуші персонал жұмыс істейді екен. Мұндай бюджетпен өңірлік университетті көтеру мүмкін емес екенін барлығы түсінеді және ондай жерде оқытушылардың жалақысы нашар және жақсы ғалымдарды ұстап отыру өте қиын. Жеке меншік майда университеттердің бюджеті одан да төмен. 2017 жылғы ЭЫДҰ-ның эксперттерінің қорытындысы бойынша Қазақстанның жоғары білім саласы ұзақ уақыт қаржылық тапшылықты басынан кешіруде [19]. Яғни, Кеңес Үкіметі құлағаннан бастап, бұл сала қаржы тапшылығында. Мемлекет бұл саланы қаржыландыруға мүмкіндігі жоқ екені анық. Сондықтан да, университеттерді автономдық ұйымдарға айналдырмақ. Өзін өзі қаржыландыра алатын деңгейге шығармақ. Келесі бір ғалымдар университеттердің қаржылық жағдайын көтеру үшін оларға мемлекеттік жер қорынан ірі жер телімін беру керек деп санайды [20]. Тағы бір топ ғалымдар еліміздің университеттері өзінің кәсіпкерлік әлеуетін дамыту және жергілікті бизнеспен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеу керек деген пікірлер айтады [21].

Бүгінгі таңда Қазақстандық жоғары оқу орындарын қаржылық тапшылықтан шығарудың ең тиімді жолы өнеркәсіп компанияларымен ынтымақтастығын дамыту. Ол тек қана Үкіметтің қолдауымен ғана жүзеге асырылатын іс болып отыр. Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұл мәселені

шешуге құзыретті жетпей отыр. Сол үшін Үкімет жоғарыда аталған Концепцияда көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірқатар нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

### Қорытынды

Бұл зерттеуде Қазақстандағы университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықты дамытуда кездесетін кедергілер мен стратегиялық қажеттіліктер қарастырылды. Қазақстандағы саяси және құқықтық актілерге талдау жасаудың нәтижесінде университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастыққа қатысты бірқатар кешенді мәселелер анықталды. Мысалы, Қазақстандағы стратегиялық құжаттар, соның ішінде Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ауқымды мақсаттарды көздеп отыр. Дегенмен, бұл Тұжырымдаманың идеялары жүзеге асырылуы үшін қолданыстағы заңнамаға жылдам және тиімді түрде өзгерістер енгізілуі қажет. Бұл әсіресе, бюрократиялық мәселелер мен министрліктердің белсенділігі сияқты мәселелерде маңызды. Яғни, Қазақстандағы университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы негізгі кедергілердің бірі – заң шығарудағы және нормативтік-құқықтық актілердегі олқылықтар.

Келесі бір маңызды мәселе – мемлекеттік органдардың үйлесімді қызмет етуіндегі кемшіліктер бірлескен жұмыс бағдарламаларын сәтті жүзеге асыруда кедергі болып табылады. Жоғары деңгейде мемлекеттік саясат университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын танып, оған қатысты стратегиялық мақсаттар белгілегенімен, мұндай ынтымақтастықты іс жүзінде жүзеге асыруға университеттерді тартуда түрлі кедергілер анықталды.

Бюрократиялық мәселелерді шешу және этикалық тәжірибелерді насихаттауда маңызды фактор болып табылады. Қазақстандағы білім беру және ғылым секторлары жариялық жоқтық және коррупция мәселелерінен зардап шегеді, бұл қоғамдық мекемелер, жеке кәсіпорындар және оқу орындары арасындағы сенімді нашарлатады. Қатаң антикоррупциялық процедураларды енгізу, ашықтықты арттыру мәдениетін дамыту арқылы бірлескен жұмыстардың тиімділігін арттыруға болады. Бұл үкіметтік органдар мен білім беру және өнеркәсіп саласының лидерлерінен ортақ күш-жігерді талап етеді.

Қазақстандағы университеттердің қаржылық қиындықтары тағы бір кедергі болып табылады. Әсіресе, кішігірім жеке оқу орындары жеткіліксіз қаржыландырумен күресуде, бұл олардың білікті оқытушылар мен зерттеушілерді тарту қабілетіне әсер етеді. Университеттер жаңа қаржыландыру үлгілерін іздеу қажет, мысалы, білім беру және зерттеулерге инвестиция салатын өнеркәсіптік секторға арналған үкіметтік жеңілдіктер. Сонымен қатар, университеттер өздерінің қаржылық тәуелсіздігін арттыру үшін зерттеулерді коммерцияландыру сияқты жаңа табыс көздерін іздеуі тиіс.

Зерттеу көрсеткендей, университеттердің мақсаттарын өнеркәсіп саласының мақсаттарымен үйлестіру өте маңызды. Университеттер жаңашылдықты арттыру, нақты проблемаларды шешу және мемлекеттік қаржыландырудың қысқаруына жауап ретінде сыртқы ынтымақтастыққа көбірек ұмтылуда. Мұндай ынтымақтастық екі тараптың да мүддесі үшін пайдалы және білімнің дамуына, экономикалық өсуге және қоғамның дамуына ықпал етеді. Жалпы алғанда, университет пен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастық инновациялар мен зерттеулерді жетілдіруге, жұмыс күшін дамытуға, экономикалық өсу мен бәсеке қабілеттілікті арттыруға, ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Ынтымақтастық нәтижесінде университеттер білім беру мен зерттеу орталығы ретінде қалыптасып, жүргізіліп жатқан зерттеулерді коммерцияландыруға, оқу бағдарламаларын өзгертіп, заман талабына сай мамандар дайындауға,

қосымша қаржы тартуға мүмкіндік алады. Ал өнеркәсіп орындары озық зерттеулерге, соңғы технологияларға және білікті және білімді түлектерге қол жеткізеді; университет зерттеушілері жасаған жаңа перспективалар мен инновациялық идеялардың пайдасын көреді; ғылыми-зерттеу негізіндегі инновацияларға, дамып келе жатқан технологияларға және заманауи білім мен дағдыларға ие жұмыс күшіне қол жеткізу арқылы бәсекелестік артықшылыққа ие болады; өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін арттыра алады; маңызды алдын ала инвестицияларды қажет етпей-ақ университеттердің тәжірибесінен, инфрақұрылымынан және зерттеу мүмкіндіктерінен пайда көреді. Қорытындылай келе, университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастық дәстүрлі шекаралардан шығатын серпінді және көп қырлы серіктестік болып табылады. Бір-бірінің күшті жақтарын пайдалана отырып, университеттер мен өнеркәсіп инновация, экономикалық өркендеу және қоғамға оң әсер ететін синергияны қалыптастырады.

Бұл зерттеудің Қазақстандағы университеттер мен өндіріс арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы кедергілер мен стратегиялық қажеттіліктерді сараптауы осы маңызды серіктестіктегі қиындықтар мен мүмкіндіктерді түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің маңыздылығы Қазақстандағы университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы кедергілерді анықтап, оларды шешуге қатысты тәжірибелік ұсыныстар жасауымен байланысты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. OECD. *University-Industry Collaboration - New Evidence and Policy Options*. OECD Publishing Paris. – 2019. Available at: <https://www.oecd.org/fr/innovation/university-industry-collaboration-e9c1e648-en.htm>
2. Ankras, S. and Omar, A.T. *Universities–industry collaboration: A systematic review // Scandinavian Journal of Management*. – 2015. – №31(3). –P.387-408.
3. Sjöo, K. and Hellström, T. *University–industry collaboration: A literature review and synthesis // Industry and higher education*. – 2019. – №33(4), - P.275-285.
4. Awasthy, R. *A Framework for Evaluating and Improving University-Industry Collaboration: Doctoral dissertation*. – Canberra, 2021. – 264 p.
5. Alexander, A., Martin, D. P., Manolchev, C., & Miller, K. *University–industry collaboration: using meta-rules to overcome barriers to knowledge transfer // Journal of Technology Transfer*. – 2020. – №45(2), - P. 371–392.
6. Draghici, A., Baban, C.F., Gogan, M.L. and Ivascu, L.V. *A knowledge management approach for the university-industry collaboration in open innovation // Procedia Economics and Finance*. – 2015. – №23. – P. 23-32.
7. Adams, S.B. *Stanford and Silicon Valley: Lessons on becoming a high-tech region // California management review*. – 2005. – №48(1), – P. 29-51.



8. Bowen, G. A. *Document Analysis as a Qualitative Research Method* // *Qualitative Research Journal* – 2009. – №9(2). – P. 27–40.
9. Braun, V., Clarke, V., Hayfield, N., & Terry, G. *Thematic analysis BT - Handbook of research methods in health social sciences* // Springer Nature Singapore Pte Ltd. – 2019.
10. Jumakulov, Z., Ashirbekov, A., Sparks, J., & Sagintayeva, A. *Internationalizing Research in Kazakhstan Higher Education: A Case Study of Kazakhstan's State Program of Industrial Innovative Development 2015 to 2019* // *Journal of Studies in International Education*. – 2019. – № 23(2). – P. 234-247.
11. Guimón, J. *Promoting university-industry collaboration in developing countries* // *World Bank*. – 2013. – №3. – P. 12-48.
12. Etzkowitz, H. *Anatomy of the entrepreneurial university*// *Social science information*. – 2013. – №52(3). – P. 486-511.
13. Saunders, D.B. *Neoliberal ideology and public higher education in the United States* // *Journal for Critical Education Policy Studies*. – 2010. – №8(1). – P. 41-77.
14. Al-Tabbaa, O. and Ankrah, S. *Social capital to facilitate engineered university–industry collaboration for technology transfer: A dynamic perspective* // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2016. – №104. – P. 1-15.
15. Bruneel, J., d'Este, P. and Salter, A. *Investigating the factors that diminish the barriers to university–industry collaboration* // *Research policy*. – 2010. – №39(7). – P. 858-868.
16. Attia, A.M. *National innovation systems in developing countries: barriers to university–industry collaboration in Egypt* // *International Journal of Technology Management & Sustainable Development*. – 2015. – №14(2). – P. 113-124.
17. Monobayeva, A. and Howard, C. *Are post-Soviet republics ready for the new public management? The case of educational modernization in Kazakhstan* // *International Journal of Public Sector Management*. – 2015. – №28(2). – P. 150-164.
18. Алтынбасов, Б.Ө. Мемлекеттік университеттердің азаматтық құқықтық мәртебесінің реформасы: теориялық және практикалық мәселелер // *Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы*. – 2020. – №4(62). – P. 73-82. = Altynbasov, B.Ө. *Memlekettik universitetterdiń azamattıq qúqúqtıq mártebesiniń reforması: teorijalúq zháne praktikalúq máseleler* // *Қазақстан Respublikasınuń Zańnama zháne qúqúqtıq aqparat institutınuń Zharshysy*. – 2020. – №4(62). – P. 73-82.
19. OECD. *Higher Education in Kazakhstan: Reviews of National Policies for Education*. - Paris. – 2017. Available at: <https://www.oecd.org/fr/innovation/university-industry-collaboration-e9c1e648-en.htm>
20. Алтынбасов, Б.Ө., Баянбаева, Ә.Р. *Заманауи жоғары оқу орындарын қалыптастыруда жер мәселесінің рөлі мен маңыздылығы: саяси және құқықтық аспектілері* // *Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы*. – 2021. – № 4(67). – P. 40-53. = Altynbasov, B.Ө., Bajanbaeva, Ә.R. *Zamanauı zhogary oqu oryndaryn qalyptastyruda zher másesesiniń róli men mańızdylyǵy: sajası zháne qúqúqtıq aspektileri* // *Қазақстан Respublikasınuń Zańnama zháne qúqúqtıq aqparat institutınuń Zharshysy*. – 2021. – № 4(67). – P. 40-53.
21. Bayanbayeva, A., Makhmadinov, D., Myrzatayev, N., Niyetalina, G., Narbayeva, G., Suleimenova, S., & Altynbassov, B. *The Transformational Role of Entrepreneurial Universities in Fostering Tourism Sector of Kazakhstan: Legal Documentary Analysis* // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2023. – №4(68). – P. 2046 - 2055.

## СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЕ АДМИНИСТРАТИВНЫЕ СУДЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Аблаева Эльвира Бекболатовна**

*Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (доцент)  
Высшей школы права «Әділет» Каспийского университета, г. Алматы,  
Республика Казахстан, e-mail: ablaeva\_1981@mail.ru*

**Аннотация.** В работе изложен исторический путь формирования и становления административных судов Республики Казахстан в качестве специализированных. Намечены направления развития специализированных административных судов, повышения качества рассмотрения ими административных дел, а также совершенствования административного судопроизводства. Даны объяснения терминам административная юстиция, административное судопроизводство, административный процесс и мн. др.

Актуальность темы связана с концептуальными направлениями развития судостроительства, совершенствования судопроизводства и повышения судейского профессионализма в соответствии с принципом специализации судов и судей.

Анализу и оценке подвергнуты организационное и функциональное состояние специализированных административных судов Казахстана. Изучение данных вопросов показало, что они образованы по типу межрайонных судов в городах республиканского и областного значения, составляют низшее звено судов общей юрисдикции, рассматривают административные дела, вытекающие из публичных правоотношений, по правилам суда I инстанции.

Специализированные административные суды представляют собой аналог судов административной юстиции, действующие в ряде зарубежных стран, созданные по образцу англосаксонской, французской или немецкой моделям.

Теоретическая значимость работы состоит в том, что в ней проведен анализ организационных и процессуальных основ деятельности специализированных административных судов в контексте принципа специализации судов и судей, составляющего основу строения и функционирования единой судебной системы во главе Верховного Суда Республики Казахстан.

Практическая значимость работы состоит в сформулированных автором выводах, которые могут быть использованы для научных разработок.

Методологические основы исследования свидетельствуют о строгом соблюдении Республикой Казахстан преемственности в праве и государстве.

Эмпирическая основа работы представлена данными о деятельности специализированных административных судов по рассмотренным ими административным делам за период первых полугодий 2021-2023 годов.

**Ключевые слова:** специализация судов; специализация судей; судебная специализация; специализированные суды; административные суды; административное судопроизводство; административная юстиция; административные дела; публичные споры.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ӘКІМШІЛІК СОТТАРЫ

**Эльвира Бекболатқызы Аблаева**

*Заң ғылымдарының кандидаты, Каспий университетінің «Әділет» Жоғары заң мектебінің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,  
e-mail: ablaeva\_1981@mail.ru*

**Аннотация.** Жұмыста Қазақстан Республикасының әкімшілік соттарының пайда болуының объективті шарттары зерделенді, олардың мамандандырылған соттар ретінде

қалыптасуы мен дамуының тарихи жолы баяндалды. Мамандандырылған әкімшілік соттарды дамыту, олардың әкімшілік істерді қарау сапасын арттыру, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізуді жетілдіру бағыттары белгіленген. Әкімшілік юстиция, әкімшілік сот ісін жүргізу, әкімшілік процесс және басқа да көптеген терминдерге түсініктемелер берілген.

Тақырыптың өзектілігі соттар мен судьяларды мамандандыру қағидатына сәйкес сот құрылысын дамытудың, сот ісін жүргізуді жетілдірудің және судьялардың кәсібилігін арттырудың тұжырымдамалық бағыттарымен байланысты.

Қазақстан Республикасының мамандандырылған әкімшілік соттарының ұйымдастырушылық және функционалдық жсай-күйі талдауға және бағалауға ұшырады. Аталған мәселелерді зерделеу олардың республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда ауданаралық соттардың үлгісі ретінде құрылғанын, жалпы юрисдикция соттарының төменгі буынын құрайтынын, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік істерді І сатыдағы соттың ережелері бойынша қарайтынын көрсетті.

Сондай-ақ, қазақстандық мамандандырылған әкімшілік соттар англо-саксон, француз немесе неміс үлгілері бойынша құрылған бірқатар шет елдерде жұмыс істейтін әкімшілік юстиция соттарының аналогы болып табылады.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы оның ҚР Жоғарғы Сотының басындағы бірыңғай сот жүйесінің құрылымы мен жұмыс істеуінің негізін құрайтын соттар мен судьяларды мамандандыру қағидаты контекстінде мамандандырылған әкімшілік соттар қызметінің ұйымдастырушылық және процессуалдық негіздеріне талдау жүргізілуінен тұрады.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы ғылыми әзірлемелер үшін пайдаланылуы мүмкін автор тұжырымдаған қорытындылардан тұрады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері Қазақстан Республикасының құқық пен мемлекеттегі сабақтастықты қатаң сақтауын айғақтайды.

Жұмыстың эмпирикалық негізін 2021-2023 жылдардың бірінші жарты жылдығы кезеңінде өздері қараған әкімшілік істер бойынша қазақстандық мамандандырылған әкімшілік соттардың қызметі туралы деректер құрады.

**Түйінді сөздер:** соттардың мамандануы; судьялардың мамандануы; сот мамандануы; мамандандырылған соттар; әкімшілік соттар; әкімшілік сот ісін жүргізу; әкімшілік юстиция; әкімшілік істер; жария-құқықтық даулар.

## SPECIALIZED ADMINISTRATIVE COURTS REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Ablaeva Elvira Bekbolatovna**

*Candidates' degree in jurisprudence, associate Professor of the Higher School of Law "Adilet" of the Caspian University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: ablaeva\_1981@mail.ru*

**Abstract.** The paper describes the historical path of formation and formation of the administrative courts of the Republic of Kazakhstan as specialized. The directions of development of specialized administrative courts, improvement of the quality of their consideration of administrative cases, as well as improvement of administrative proceedings are outlined. Explanations of the term's administrative justice, administrative proceedings, administrative process and many others are given.

The relevance of the topic is related to the conceptual directions of the development of the judicial system, the improvement of judicial proceedings and the improvement of judicial professionalism in accordance with the principle of specialization of courts and judges.

The organizational and functional state of specialized administrative courts of Kazakhstan has been analyzed and evaluated. The study of these issues showed that they are formed according to the type of inter-district courts in cities of republican and regional significance, constitute the lowest level of courts of general jurisdiction, consider administrative cases arising from public legal relations, according to the rules of the court of first instance.

Specialized administrative courts are analogous to administrative justice courts operating in

*a number of foreign countries, modeled after the Anglo-Saxon, French or German models.*

*The theoretical significance of the work is that it analyzes the organizational and procedural foundations of the activities of specialized administrative courts in the context of the principle of specialization of courts and judges, which forms the basis of the structure and functioning of the unified judicial system headed by the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan.*

*The practical significance of the work is the conclusions formulated by the author, which can be used for scientific research.*

*The methodological foundations of the study testify to the strict observance by the Republic of Kazakhstan of continuity in law and the state.*

*The empirical basis of the work was data on the activities of specialized administrative courts on administrative cases considered by them for the period of the first six months of 2021-2023.*

**Keywords:** *specialization of courts; specialization of judges; judicial specialization; specialized courts; judicial system; administrative courts; administrative proceedings; administrative justice; administrative cases; public disputes.*

**DOI: 10.52026/27885291\_2024\_76\_1\_58**

### **Введение**

По состоянию на июнь 2023 года во всех 20 административно-территориальных единицах РК, в том числе 3 городах республиканского значения и 17 областных регионах, с 01 июля 2021 года действует в количестве 21 специализированный административный суд (САС), специализирующийся на рассмотрении и разрешении административных дел по существу.

САС, как характерно всем иным специализированным судам, также имеют свои условия возникновения, свой исторический путь формирования и практический опыт становления.

Двухлетняя судебная практика САС РК за период первых полугодий 2021-2023 годов показала их востребованность и состоятельность.

Реформирование системы судостроительства, порядка судопроизводства и отбора судей РК обусловлено усиленным вниманием казахстанского государства к обеспечению верховенства закона в сфере государственного управления и местного самоуправления, повышению уровня доверия населения к судебной власти, улучшению управленческой деятельности административных органов и должностных лиц, соблюдению принципа взаимной ответственности государства перед личностью и личности перед ним.

Названные обстоятельства, непременно, вызывают необходимость исследования новых судов административной юстиции.

### **Материалы и методы**

Методологическую основу исследования составляют обще-логический, теоретический, исторический, сравнительный, эмпири-

ческий, специальный юридический методы познания объективной действительности.

В процессе исследования использовались научные, статистические, аналитические и иные материалы по организации устройства и функционированию САС.

### **Результаты**

По сей день, ученые продолжают распознавать сущность и заниматься поиском более точных определений юридических категорий, как: административная юстиция, административный процесс, административное судопроизводство, административная процессуальная форма. Обсуждение спорных вопросов привело к тому, что в научной среде состоялись достаточно аргументированные и порой безосновательно противоречивые мнения, но четкое понимание этих терминов не устоялось. Дискуссии обострились с принятием единого Административного процедурно-процессуального кодекса РК, формированием комплексного административного процедурно-процессуального права, образованием специализированной системы административных судов, признанием самостоятельной процессуальной формы административного судопроизводства, обособлением административных дел, различением административного иска. Автор, не вступая в полемику спора, избегая излишних разъяснений, считает нужным лишь поделиться своими научными результатами, которые были получены им по итогам исследований нескольких лет.

Итак, САС РК один из важных составляющих элементов института административной юстиции. Обращение к ним с административными исками об оспаривании,

о принуждении, совершении действия, признании представляют собой административно-процессуальную форму защиты граждан и организаций от незаконных актов и решений, а также неправомерных действий либо бездействий административных органов и должностных лиц. Форма обращения в САС – административный иск. В свою очередь, административная юстиция – институт, составляющий механизм защиты прав и свобод человека и гражданина, а также законных интересов юридических лиц, сформировавшийся в той или иной культуре как квазисудебное или судебное образование в зависимости от принадлежности государственной власти, ее распределения, характера отношений власти и народа. Такого же мнения придерживается Р.К. Сарпеков, рассматривая административную юстицию как особый механизм разрешения спора между субъектами публичных правоотношений, а административный суд – субъекта административного судопроизводства [1, с.17-18].

Административное судопроизводство – это установленный законодателем процессуальный порядок рассмотрения и разрешения САС административных дел. К достаточно определенным суждениям автора относительно того, какое содержание казахстанский законодатель вкладывает в само понятие «административное судопроизводство», позволяет прийти анализ некоторых норм законодательства РК. Так, ч. 2 ст. 75 Конституции РК гласит: «Судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства»<sup>1</sup>. Комментируя схожую норму, содержащуюся в ч. 2 ст. 118 Конституции Российской Федерации, Н.М. Чепурнова верно подметила, что в ней закреплены разные формы судопроизводства на осуществление судебной власти, но не правосудия [2, с.225]. Поэтому вряд ли можно согласиться с позицией А.А. Амангельды, которая смешивает форму административного судопроизводства с функцией правосудия по административным делам. «Понятие административного судопроизводства, - по ее мнению, - представляет собой деятельность суда по отправлению правосудия по категориям дел, определенным в АППК РК» [3, с.29]. К тому же, в АППК

РК отсутствует сам термин «правосудие по административным делам». Схожее мнение у А.О. Панковой: «... термин административное правосудие является достаточно условным, поскольку в действующем российском законодательстве он не употребляется» [4, с.135]. Данный термин встречается только в Гражданском процессуальном и Уголовно-процессуальном кодексах РК. Например, в статьях 7 и 13 ГПК РК говорится о правосудии по гражданским делам, соответственно в статьях 11 и 51 УПК РК о правосудии по уголовным делам. В соответствии с ч. 3 ст. 1 АППК РК, «порядок административного судопроизводства на территории РК определяется конституционными законами РК, настоящим Кодексом, основанными на Конституции РК и общепризнанных принципах, и нормах международного права»<sup>2</sup>. В соответствии с ч. 3 ст. 1 ГПК РК, «законодательство РК о гражданском судопроизводстве устанавливает порядок рассмотрения дел по спорам, возникающим из гражданских, семейных, ... и других правоотношений, ...»<sup>3</sup>. Изложенные нормы подтверждают, что судопроизводство есть не более, чем процессуальный порядок рассмотрения и разрешения судами тех или иных дел, возникающих в различных сферах правоотношений, в том числе в сфере государственного и местного самоуправления. Административное, гражданское, уголовное судопроизводство – это те процессуальные формы, в которых реализуется судебная власть,

а правосудие есть самостоятельная функция, осуществляемая судебной властью.

Между тем, правосудие далеко не единственная функция судебной власти, наряду с ним есть функция судебного контроля. Соответственно рассмотрение и разрешение судами заявлений, жалоб, исков на административные акты, нормативные правовые акты, процессуальные решения, неправомерные действия либо бездействия административных органов, должностных лиц, судебных исполнителей, нотариусов, в том числе органов уголовного преследования, относится к функциям судебного контроля по обеспечению верховенства правового закона и основных прав в сфере государственного и местного самоуправления.

Административный процесс более емкое

<sup>1</sup> Конституция РК от 30 августа 1995 года // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>

<sup>2</sup> Административный процедурно-процессуальный кодекс РК от 29 июня 2020 года № 350-VI // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350>

<sup>3</sup> Гражданский процессуальный кодекс РК от 31 октября 2015 года № 377-V ЗПК // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

и широкое понятие, нежели отдельно взятые административное судопроизводство или административные процедуры, составляющие его содержание. Административный процесс является одним из разновидностей юридического процесса, представляет собой порядок урегулирования административных дел, возникающих из различных публично-правовых отношений, а вместе с тем, форму осуществления управленческой деятельности. Г.Ж. Сулейменова, рассматривая соотношение между этими двумя понятиями, верно исходит из того, что понятие административного судопроизводства является составной частью административного процесса – самостоятельной отрасли юридической науки и судостроительного права. При этом, автор ставит знак равенства между административным судопроизводством и административной юстицией [5]. Соотношение административного процесса или судопроизводства с административным правом в том, что первое, как отмечено в литературе, является внешним отражением, формой реализации и защиты второго [6, с.209]. Однако, круг общественных отношений, подпадающих в сферу влияния административного права, намного шире, чем мы себе представляем. Об этом свидетельствует анализ норм Концепции правовой политики РК от 2009 г., из которых вытекает, что предмет правового регулирования административного права охватывает общественные отношения в сфере осуществления административных процедур, оказания населению госуслуг, деятельности госслужбы, контроля и надзора госорганов, законодательства об административных правонарушениях. Концепция предвидела, что возникают совершенно новые институты, отрасли, смешанные отношения, обусловленные усложнением общественной жизни, которые диктуют необходимость разработки соответствующей для них правовой базы и порядка регламентации<sup>4</sup>.

Как представляется автору настоящего исследования, такое понимание рассмотренных юридических категорий более соответствует положениям АППК РК, содержащего в себе нормы законодательства РК об административных процедурах и об административном судопроизводстве. Тем самым, законодатель поставил окончательную точку

в данном вопросе. Следовательно, какие-либо споры относительно данного вопроса бессмысленны. Более того, следует упомянуть о том, что до принятия АППК РК в действующей редакции, проект кодекса прошел длительное и широкое обсуждение общественностью, претерпел значительные изменения и дополнения, в его разработке принимали участие известные казахстанские ученые и даже привлекались зарубежные эксперты.

### Обсуждение

САС вовсе не являются чуждыми и принципиально новыми для казахстанской судебной системы, поскольку в досоветский период при власти Временного Правительства функционировала трехзвенная система административных судов, в чьей подсудности находились административные дела, вытекающие из публично-правовых отношений. Подтверждением тому является п. 1 «Положения о судах по административным делам», утвержденный постановлением Временного Правительства от 30 мая 1917 г.: «Власть судебная по делам административным принадлежит административным судьям, окружным судам и Правительствующему Сенату» [7, с.527].

Обращу внимание на последний п. 92 Положения, который в том или ином варианте содержится в АППК РК: «Случаи, в которых Административный Суд встретит затруднения в порядке судопроизводства, разрешаются ими по соображениям настоящего Положения с правилами Устава Гражданского Судопроизводства». В свою очередь, п. 3 ст. 1 АППК РК гласит: «В административном судопроизводстве применяются положения ГПК РК, если иной порядок не предусмотрен настоящим Кодексом»<sup>5</sup>. Другое не менее важное сходство между ними, которое как вытекает из самого названия Положения 1917 г., состоит в том, что современным казахстанским и старым дореволюционным административным судам подсудны «административные дела».

На верный взгляд С.М. Рустамовой, указанное Положение от 1917 г. «сделало чрезвычайно радикальный шаг на пути окончательного отделения административно-судебных функций от функций "активного управления" и создания в России системы подлинных органов администра-

<sup>4</sup> Указ Президента РК от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>

<sup>5</sup> Административный процедурно-процессуальный кодекс РК от 29 июня 2020 года № 350-VI // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350>

тивной юстиции – административных судов» [8, с.61-62].

В юридической печати также встречаются труды ученых, например, А.Ф. Воронова, который признает «Положение о судах по административным делам» первым Кодексом административного судопроизводства России [9, с.152-165].

На следующем советском периоде при районных городских судах Казахской Советской Социалистической республики, являющейся исторической предшественницей Республики Казахстан, состояли судьи по административным делам и исполнительному производству. Эти судьи действовали в постсоветский и переходный для современного Казахстана периоды на протяжении 10 лет с 1990 г. по 2000 г. Так, в соответствии со ст. 5 Закона КазССР от 23 ноября 1990 г. «О судеустройстве Казахской ССР» дела об административных правонарушениях рассматривались районными (городскими) народными судами (народными судьями), судьями по административному и исполнительному производству, состоящих при этих судах, а также Ленинским горсудом (членами суда). К их компетенции ст. 33 названного закона отнесла: производство по делам об административных правонарушениях; контроль за работой судебных исполнителей; вопросы, связанные с исполнением в порядке гражданского судопроизводства решений судов и других органов<sup>6</sup>.

Таким образом, судьи по административному и исполнительному производству КазССР осуществляли судопроизводство по делам об административных правонарушениях и по делам о публично-правовых спорах. Судебный контроль, осуществляемый за работой судебных исполнителей, по сути, есть контрольная функция государства, которой наделены судьи КазССР по обеспечению верховенства закона в сфере государственного и местного самоуправления. Как видим, в этом наблюдается характерная для современной РК соблюдение преемственности в праве и поэтапного развития государства, так как районные суды с 01 июля 1999 г. в порядке гражданского судопроизводства рассматривали жалобы на действия

либо бездействия судебного исполнителя при исполнении решения<sup>7</sup>, а с 01 июля 2021 г. САС стали в порядке административного судопроизводства рассматривать иски на действия либо бездействия судебного исполнителя по исполнению исполнительных документов<sup>8</sup>.

В постсоветский и переходный период до вступления в силу первого ГПК РК от 1999 г. казахстанские суды в порядке, установленном ст. 228 ГПК Казахской ССР от 1963 г., осуществляли производство по следующим 5 категориям дел, вытекающим из административно-правовых отношений:

- 1) по жалобам на неправильности в списках избирателей;
- 2) по жалобам на действия органов и должностных лиц в связи с наложением административных взысканий;
- 3) по жалобам на неправомерные действия органов государственного управления и должностных лиц, ущемляющие права граждан;
- 4) по заявлениям о взыскании с граждан недоимки по налогам, самообложению сельского населения и государственному обязательному страхованию;
- 5) по заявлениям прокурора о признании правового акта незаконным<sup>9</sup>.

Указанные категории дел рассматривались судами по общим правилам гражданского судопроизводства с некоторыми изъятиями, установленными законодательством Союза ССР и Глав 23-25 ГПК КазССР. Стоит взглянуть на порядок, установленный ст. 237 ГПК КазССР от 1963 г. В соответствии с ним, с заявлениями о взыскании с граждан недоимки по налогам, самообложению сельского населения и государственному обязательному страхованию, в советские суды обращались финотделы, исполкомы, органы госстраха, то есть административные органы или должностные лица, что исключено при ныне действующем порядке, установленного АППК РК от 2021 г.

На следующем этапе развития права и государства РК все вышеперечисленные дела считались гражданскими делами, рассматриваемые в порядке особого искового производства, с применением к ним некоторых исключений и отдельных добавлений.

<sup>6</sup> Закон Казахской ССР от 23 ноября 1990 года «О судеустройстве Казахской ССР» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z900001400>

<sup>7</sup> См.: статья 240-5 Гражданского процессуального кодекса РК // URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000411\\_#z911](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000411_#z911)

<sup>8</sup> См.: часть 4 статьи 136 Административного процедурно-процессуального кодекса РК // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350#z1167>

<sup>9</sup> Гражданский процессуальный кодекс Казахской ССР от 28 декабря 1963 года // URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K630002000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K630002000_)

По правилам подсудности эти дела рассматривались и разрешались всеми судами в качестве судов I инстанции, в том числе ВС РК, городскими и областными судами, а также в зависимости от предмета спора и спорящих сторон специализированными военными, экономическими, финансовыми и административными судами ныне переименованных в специализированные суды по административным правонарушениям. С вступлением в силу 01 января 2015 г. нового Кодекса РК об административных правонарушениях, САС стали рассматривать жалобы на действия, бездействия и решения органа или должностного лица, осуществляющего производство по делу об административном правонарушении, в порядке Главы 44 КоАП РК<sup>10</sup>.

Сонымен қатар 2024 жылғы 22 қаңтардағы Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы барысында Президент Қ.К.Тоқаев: «Бұл, сайып келгенде, елдің дамуына кедергі келтіреді және мемлекеттің имиджіне әсер етеді. Бұның бір дәлелі - қоғамдық орындардағы вандализм. Деструктивті идеология, әсіресе күмәнді идеяларға жүгінетін және жалған кейіпкерлердің соңынан еретін жас ұрпақ үшін үлкен қауіп төндіреді. Әлеуметтік желілерде жастарды заңсыз әрекеттерге итермелейтін материалдар таратылуда. Тіпті заңдарды ашық түрде таптайтын адамдарды пұтқа айналдыратындар да бар. Біздің азаматтар заңсыздыққа қарсы тұруы керек, яғни бізге кез келген құқық бұзушылыққа қарсы күшті иммунитет қажет. Біз деструктивті, асоциалды мінез-құлықты ақтау әрекеттеріне қарсы тұруымыз керек және құқықтық нигилизмге жол бермеуіміз керек. Заңды құрметтеу жауапты азаматтың негізгі қасиеттерінің бірі ретінде қабылдануы керек. Бұл тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барлық азаматтардың ортақ міндеті. Бір сөзбен айтқанда, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету»-дей отыра, құқықтық сауаттылықтың төмендігі елеулі теріс салдарға әкеп соқтыратынын және жас жеткіншектердің құқықтарын қорғау жүйесін жаңғырту керектігін атап өтті<sup>3</sup>.

Осыған байланысты Интернет желісінде баланың құқықтарын сақтау мәселелеріне жүгіну тек өзекті ғана емес, сонымен қатар электрондық ресурстарды пайдалану барысында осы құқықтардың сақталуын қамтамасыз ететін және ақпараттық ортадағы балалардың заңды мүдделерін қорғау үшін, және сол қорғау іс-әрекеттерінің сенімді жүйесін қалыптастыру үшін қажет болады. Қазіргі балалар технологиялық тұрғыдан дамыған және олардың көпшілігі өз өмірін интернетсіз елестете алмайды. Сонымен қатар, киберкеңістіктің қайнар көзі және негізі болып табылатын Интернет үлкен мүмкіндіктермен бірге баланың санасына зиянды әсер

ететін жағымсыз ақпарат түрінде көптеген қауіптерді жасырады, міне дәл осы жағдай бүкіл қоғам арасында ерекше дабыл қақтырып терең алаңдаушылық тудырып отыр.

Зерттеудің негізгі мақсаты балалар аудиториясына бағытталған Интернет желісіндегі теріс ақпараттың өсіп келе жатқан көлемі контекстінде Интернет желісіндегі баланың құқықтарын сақтау саласындағы мәселелерді зерттеу болып табылады. Бұл Интернет желісіндегі балалардың қорғалу деңгейін арттыру бойынша тиімді ұсынымдар әзірлеу арқылы баланың құқықтарын сақтау іс-шараларын құқықтық реттеуді жетілдіру және киберкеңістікте балалық шақты қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін қажет.

Қазіргі заң ғылымында Интернет желісіндегі баланың құқықтарын сақтау проблемалары жеткіліксіз зерттелген және оларды қамтамасыз ету мен қорғаудың заңды құралдары енді-енді пайда болуда, өйткені кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен сақтаудың көптеген аспектілері киберкеңістіктің ерекшелігіне байланысты, бұл баланың құқықтарын сақтау шараларын әзірлеуді қиындатады. Баланың құқықтарын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдері ХХ ғасырда қалыптасқан және қазіргі балаға әсер ететін қоғамдық қатынастардың барлық сыр-қырын толық көрсете алмайды, ал киберкеңістікте дамып келе жатқан қоғамдық қатынастарға заң ғылымы, және құқық қолдану практикасы тиісті назар аудармайды. Қазіргі уақытта көптеген заңгерлер мен саяси қайраткерлер Интернет желісін тек байланыс құралы ретінде қабылдайды, бірақ менің ойымша, Интернет виртуалды шындық бар орта болып табылады, онда әлеуметтік қатынастар да пайда болады, бірақ белгілі бір сипатқа ие, виртуалды шындықтың ерекшеліктеріне байланысты, сәйкесінше осы құбылыстың элементтерін құқықтық түрде анықтау тұрғысында түрлі қиындықтар туындайды.

### Материалдар мен тәсілдер

Балалардың Интернетте уақыт өткізуі, тиімді контенттерден керек-жарақ материалдар ізденуі сияқты құқықтарын да мүлтік емес құқықтар қатарына жатқызуға болады. Балалардың жеке мүлтік емес құқықтары заманауи кезеңде ғылыми зерттеулердің маңызды теориялық және тәжіри-

<sup>2</sup> 2022 – Год детей в РК. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://bala-ombudsman.kz/2022-god-god-detej-v-rk/>, қарау күні: 25.07.2023;

<sup>3</sup> «Тоқаев: Молодые казахстанцы следуют за псевдогероями» [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-molodyie-kazahstantsyi-sleduyut-za-psevdogerojami-523914/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-molodyie-kazahstantsyi-sleduyut-za-psevdogerojami-523914/), қарау күні: 22.01.2024;

белік тақырыптарының бірі болып табылады, оның маңыздылығы соңғы онжылдықта бүкіл әлемде айтарлықтай өсіп келеді [1, 169 б.]. Зерттеудің әдіснамалық негізі Интернет желісіндегі баланың құқықтарын сақтау мәселелерін, сондай-ақ осы мәселелерді жеңу перспективаларын зерттеуге ғылыми негізделген тәсіл болып табылады. Зерттеу жалпы, арнайы және жеке әдістер негізінде жүзеге асырылады. Құқықтық ұғымдарды талдау және жалпылау арқылы осы зерттеуде қойылған міндеттер аясында «балалық шақ», «бала», «адам құқықтары», «мүмкіндіктер мен заңды мүдделер», «қорғау», «сәйкестік» категорияларының өзара тәуелділігі ашылады. Зерттеуге диалектикалық көзқарас зерттелетін категорияларды үздіксіз дамып келе жатқан құбылыстар ретінде қарастыруды қамтиды. Тұрақты даму барлық құқықтық шындықты, оның ішінде зерттеуде қарастырылған оның үзіндісін – Интернет желісіндегі баланың құқықтарын сақтау саласын сипаттайды. Жұмыста танымның жүйелік және функционалды әдістері қолданылады. Жалпы ғылыми жүйелік әдісті қолдану бала құқықтарын қорғауды құқықтық реттеуді адам құқықтарын құқықтық қамтамасыз ету жүйесіндегі ерекше ішкі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Функционалды әдіс арқылы киберкеңістікте баланың құқықтарын сақтау саласындағы негізгі элементтердің өзара байланысы ашылады. Функционалды әдіс құқықтық әрекеттердегі, соның ішінде құқықтық шындықтағы өзгерістерді қарастыру үшін қажет. Бұл құқықтық шындық салаларын өзгертуге, оның ішінде бала құқықтарын қорғау саласына реттеуші әсер ететін мемлекет органдары функцияларының ерекшеліктерін ашу. Индуктивті және дедуктивті әдістерді қолдану Интернет желісінде баланың құқықтарын тиімді сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралардың қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеуді жүзеге асыру кезінде жеке ғылыми әдістер қолданылды. Әлеуметтанулық әдіс құқық саласынан тыс, бірақ бала құқықтарының сақталуына, оның ішінде Интернет желісіне үлкен әсер ететін әлеуметтік факторлардың жиынтығын ескеруге мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ұқсастық пен жалпылаудың біртекті ғылыми әдістерімен бірге әр түрлі елдердің құқығында баланың құқықтарының сақталуын қорғау саласында жалпы және жеке анықтау жүзеге асырылды.

Ресми-құқықтық әдіс құқық нормалары мен заң практикасын талдауда, терминдерді анықтауда, құқықтық құбылыстардың белгілерін анықтауда және оларды жіктеуді жүзеге асыруда қолданылды. Құқықтық герменевтика әдісі арқылы Интернет желісінде баланың құқықтарын сақтау саласында құқықтық терминологияны қалыптастырудың жаңа тәсілдері анықталды.

### Талқылау

Интернеттегі ақпараттың таралуын зерттеу қажеттілігі ХХ ғасырдың 60-жылдарында, АҚШ-тағы Алдыңғы Қатарлы Ғылыми жобалар Агенттігі (бұдан әрі - АҚҒА), (ARPA) сыртқы саяси жағдайға байланысты қысқа мерзімде қажетті ақпаратты беру үшін компьютерлер арасындағы байланыс тәсілдерін дамытуға қызығушылық танытқан кезде пайда болды. АҚҒА-ның (ARPA) пікірінше, ақпараттық желіні құру АҚШ-қа соғыс жағдайында ақпаратты басқаруды қамтамасыз етуі керек еді [2, 126 б.].

Қазіргі қолданыстағы Интернет 1982 жылы британдық ғалым Тим Бернерс-Лидің Еуропалық ядролық зерттеулер орталығындағы (CERN) зерттеулері бүкіләлемдік ғаламторды құруға әкелген кезде пайда болды. Уақыт өте келе Интернет танымал бола бастады және мәдениетке, саудаға және технологияға түбегейлі әсер етті. Интернет желісінің көрнекі артықшылықтарына мыналар жатады: әлеуметтік медиаорталар, интернет-дүкендер, блогтар, жедел хабар алмасу және ақпарат алмасулар. Интернет желісінің кері тұсы-зиянды ақпараттың таралуы, оның ағынын бақылаудың күрделілігі, алаяқтықтың көбеюі, қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуы (мысалы: киберқылмыс, пайдаланушылардың деректерін ұрлау, көмелетке толмағандарды азғындық пен заңсыз әрекеттерге итермелеу, есірткі және психотроптық зиянды заттарды сату және тарату) және басқа да бірқатар жағымсыз салдарлар [3, 1062 б.].

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы (Брянск қаласы) Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының қызметкері В.Н.Стрелканың зерттеулерінің нәтижесіне көз жүгіртсек, соңғы жылдары (2024 жылды қоса алғанда) балалардың Интернеттің қыр-сырларын игеру процесіндегі даму тенденциясы балалардың Интернетпен өзара әрекеттесу сипатына да айтарлықтай әсер етіп отыр, мәселен көмелетке толмағандар өздерінің Интернеттегі іс-әрекет барысын ата-анала-

рынан жиі жасырады. Бұл үшін белгілі бір қосымша шаралар қабылдау арқылы желіде түрлі айла-амалдар мен құралдар ойлап табу (ата-анасы болмаған кезде желіге кіру, белгілі бір құпиясөздер орнату, қосымша тіркелу жүйесін орнату, іздеу жолағындағы кіру тарихын жою және т.б.) [3, 1065 б.].

Бұл бақылау мен реттеуге қосымша кедергілер тудырады. Кәмелетке толмаған азаматтардың виртуалды кеңістіктегі қызметі, сондай-ақ интернеттен шығатын қауіпті уақтылы анықтауға және жоюға мүмкіндік бермейді.

Цифрлық әлемдегі бала құқықтарын зерттейтін көптеген зерттеулер осы саладағы негізгі құжат ретінде танылуға негізделген құжат – мемлекеттер қамтамасыз етуі тиіс бостандықтар мен қорғау шараларын анықтайтын «Бала құқықтары туралы Конвенция»<sup>4</sup>. Қазіргі уақытта Бала құқықтары жөніндегі комитет Конвенцияның сақталуын қадағалайды және цифрлық әлемде бала құқықтарының сақталу тәртібін айқындайды. Айта кету керек, БҰҰ-да №25 «Цифрлық ортадағы бала құқықтары туралы жалпы тәртіп ескертулері» деп аталатын құжаттың ережелерін ескере отырып, цифрлық кеңістіктегі балалар құқықтары бойынша нұсқаулық әзірленді, бұл бала құқықтары туралы Конвенцияға қосымша құжат болып табылады<sup>5</sup>. Бұл нұсқаулықта жеке сектор тарапынан Интернеттегі бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, цифрлық әлемде балаларға қатысты реттеушілік қадағалауды жүзеге асыру үшін мемлекеттердің тікелей жауапкершілігі бекітіледі. Бұл ретте баланың құқықтары Интернет кеңістігін реттеу арқылы қорғалмайды деп мәлімдейтін жекелеген заңгерлердің пікіріне назар аудару керек, өйткені И.Лоскутовтың пікірінше, бала құқықтары туралы заңға түзетулер әзірлеу кезінде түсініксіз түсіндірмесі бар жана ұғымдар енгізіледі. Осы орайда айта кету керек, Қазақстандағы балалар пайдаланатын шетелдік әлеуметтік желілерге мемлекеттік бақылаудың нақты қазіргі таңдағы қадамдары пысықталуда<sup>6</sup>. Ақпараттық саладағы балалардың құқықтары мен мүдделеріне арналған заңнаманы реформалау мәселелеріне ақпараттық-телекоммуникациялық

желілердегі кәмелетке толмағандардың психикасына теріс әсерге құқықтық қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін талдайтын В.М.Филипповтың, В.В.Насонкиннің, Ч.Папачараламбоустың бірқатар еңбектері арналған. Бұл авторлар заңнамада балалардың денсаулығына және/немесе дамуына зиян келтіретін ақпарат түрлерінің тізімі қоғамның қазіргі қажеттіліктеріне сәйкес келмейді және пысықтауды қажет етеді деген қорытындыға келеді [4, 362 б.]. Осы авторлар жүргізген зерттеулердің нәтижелері негізінде мен Интернет желісіндегі ақпараттың кейбір түрлеріне балаларға тыйым салу туралы нормативтік ережелерді нақтылауға және біріздендіруге бағытталған қазақстандық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірледім.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарды зиянды ақпараттан қорғауға байланысты қатынастарды реттейтін негізгі көз «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Заң болып табылады. Заң ғылыми, ғылыми-техникалық, статистикалық және басқа да ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімдер айналымы саласындағы қатынастар аясында қолданылады. Бұл заң бала мен ананы қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік шаралар жүйесін бекітетін конституциялық ережелерді егжей - тегжейлі баяндайды, сонымен бірге балаларға қамқорлық жасау, оларды тәрбиелеу ата-аналардың тең құқығы мен міндеті екенін атап өтеді. Осыған сүйене отырып, Интернет - кеңістікте баланың құқықтарын сақтау процесінде мемлекеттік органдар мен ата-аналардың үздіксіз өзара ұштасқан іс-қимылы көзделеді. Кәмелетке толмаған баланың ата-анасы мемлекет ұсынатын ата-ана бақылауының барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оның киберкеңістіктегі қызметін бақылауға міндетті. Осылайша, Интернет желісінде кәмелетке толмағандарды қорғауды қамтамасыз етуді бақылау ата-аналар мен мемлекетке жүктеледі. Қазіргі уақытта «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-бөлігінде кәмелетке толмағандар арасында таратуға тыйым салынған ақпарат

<sup>4</sup> Конвенция о правах ребенка от 20 ноября 1989 года. Официальный сайт ООН [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml), қарау күні: 28.07.2023;

<sup>5</sup> В ООН разработали руководство по правам детей в цифровом пространстве. Новости ООН. Официальный сайт ООН [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://news.un.org/ru/story/2021/04/1400342>, қарау күні: 07.08.2023;

<sup>6</sup> Медиа-юрист: права ребенка не защитит регулированием интернет пространства [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/125810/>, қарау күні: 15.08.2023;

түрлері айқындалған, оларға мына ақпарат түрлері жатқызылады:

1) балаларды өміріне және (немесе) денсаулығына қатер төндіретін іс-әрекеттер жасауға, оның ішінде суицидке итермелеу;

2) балаларды қоғамға қарсы және құқыққа қарсы әрекеттерге арандату;

3) арнайы жыныстық-эротикалық сипаты бар;

4) жыныстық зорлық-зомбылықтың сипаттамасы және (немесе) бейнесі бар;

5) балағат сөздерді қамтитын;

6) балалар арасында таратуға Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен тыйым салынған ақпараттар<sup>7</sup>.

Зерттеу барысында тыйым салынатын кәмелетке толмағандар үшін ақпарат түрлерін толықтыру және нақтылау бойынша ұсыныстар жасалды. Кәмелетке толмағандар арасында Интернет желісінде мұндай ақпаратқа тыйым салу оның кәмелетке толмағанның психикасын бұзуға бағытталғандығына байланысты, сонымен қатар оны тікелей немесе жанама түрде заңсыз, қауіпті және әдепсіз әрекеттерге итермелейді. Бұндағы қиын мәселе-балаларға Интернетті пайдалануға тыйым салынбайды, ал олардың қызметін бақылау көбінесе жүзеге асырылмайды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде кәмелетке толмаған пайдаланушылардың белсенділігі артып келеді. Кәмелетке толмаған адам өмірдегі қиындықтарға тап болып, виртуалды кеңістікке еніп, алынған ақпараттың зияны немесе жеке ақпаратты тарату, Интернет желісінің бейтаныс пайдаланушыларымен байланысу және т.б. қауіп туралы ескермейді, тіпті елемейді де. Нақты мысал ретінде бір уақыттарда бір ғана «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде тарап кеткен «Синий кит», «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20», сондай-ақ өткен жылдың ақпан айындағы Петропавл қаласындағы скульптуринг оқиғасына түрткі болуы мүмкін деп пайымдалып жүрген «Лесоруб» ойындарын келтіруге болады<sup>8</sup>. Интернеттегі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың бұл қауіп бүгінгі таңда жаһандық және қызу пікірталас мәселесі болып табылады. Көптеген елдер «цензура» сөзін қолданғанды құптамайды, сондықтан оны «ақпараттық

сүзгілер» сөз тіркесімен ауыстырады. Мұндай ақпаратты сүзу АҚШ, Ұлыбритания, ҚХР, Сирия, Германия, Франция және Куба сияқты елдерде қарастырылған. Сонымен, Ұлыбританияда белгілі бір тыйым салынған мазмұндағы (контент) арнайы сайттарды құру әдісімен бұғатталады, ал оған кіргеннен кейін Ұлыбритания полициясы кілт сөздерді енгізген пайдаланушылардың жеке деректеріне қол жеткізе алады<sup>9</sup>. Америка Құрама Штаттарында Интернет желісіндегі кәмелетке толмағандарды қорғау 16 жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға ата-аналарының (қамқоршыларының) келісімінсіз өздерінің интернет-мекен-жайын немесе жеке арнасын алуға тыйым салу арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ 2000 жылдың қазан айында АҚШ Конгресі балаларды Интернет желісінде орналастырылған қажетсіз материалдардан қорғайтын «Интернеттегі балаларды қорғау туралы» Заң қабылдады. Заң кітапханалар мен мектептерге зиянды мазмұндағы материалдарды қарауға кедергі келтіретін бағдарламалық сүзгілерді орнатуды бұйырады. Кітапханаларға ғылыми және басқа да заңды мақсаттар үшін ересек пайдаланушылардың өтініштері бойынша тек керекті сайттарға ғана кіруге рұқсат етіледі [5, 2 б.]. Осы заңды бұзу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Сонымен қатар, балалардың әлеуметтік желілері мен сайттары әкімшілігінің өкілеттіктеріне балаларды зиянды ақпараттан немесе күмәнді адамдардан қорғаудың әртүрлі әдістерін қолдану кіреді. Басқа сайттарға ауысқан кезде хабарландыру іске қосылады, зиянды ақпараттың болу ықтималдығы туралы кәмелетке толмаған аудиторияға ескертіледі және сілтемеге кірмес бұрын ата-аналармен кеңесу туралы ескертіледі. Кейбір балалар отыратын сайттарда сыртқы сілтемелерге көшу мүмкін емес. Сондай-ақ, ата-ана кәмелетке толмағанның Интернет желісіндегі қызметін бақылауға құқылы және әкімшіліктен баласының есептік жазбасын бұғаттауды сұрай алады. Бұл шаралар кәмелетке толмағандардың ақпараттық кеңістіктегі қызметін құқықтық реттеу қажеттілігін, сондай-ақ Интернетте адам құқықтарын құқықтық реттеу қажеттілігін, сондай-ақ Интернетте

<sup>7</sup> "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 2 шілде 2018 жыл. № 169-VI // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>, қарау күні: 21.08.2023;

<sup>8</sup> «Причиной кровавой резни в школе Петропавловска могла стать интернет-игра» [электрондық ресурс]. –Қол жеткізу режимі: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/society/46866-prichinoi-krovavoi-rezni-v-shkole-petropavlovsk-mogla-stat-internet-igra>;

<sup>9</sup> Закон «О защите детей» 1978 года // База данных статутного права Великобритании. «Protection of Children» UK // Statute Law Database. Act 1978 [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1978/37/section/1/1991-02-01?timeline=true>, қарау күні: 22.08.2023;

адам құқықтарын қорғаудың түбегейлі жаңа әдістерін әзірлеу және ақпараттық кеңістіктің ықтимал қауіптерін жою қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстанда киберқауіпсіздік саласын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) және бизнес бірлесіп жүргізген жұмыстың нәтижесі – бұл біздің еліміз жаһандық киберқауіпсіздік индексында өз позициясын тез жақсартып келе жатқан соңғы жылдардағы үрдіс. Қазір Қазақстан (2022 жылғы көрсеткіш бойынша) 2018 жылдағы 82-ші орыннан 31-ші орынға көтерілген<sup>10</sup>. Осы жылдар ішінде елімізде киберқауіпсіздік саласын дамытудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдері әзірленді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасы әзірленді және іске асырылуда<sup>11</sup>. 2022 жылы «Қазақстанның Киберқалқаны» тұжырымдамасының жаңа редакциясы қабылданды. Сонымен қатар, бірқатар заңнамалық актілер мен көптеген салалық бұйрықтар күшіне енді. Бұдан басқа, зиянды құпияландыруларды зерттеу бойынша ақпараттық қауіпсіздік саласында сынақ зертханалары құрылды, ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығы іске қосылды. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ахуалды одан әрі жақсарту үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне дербес деректерді қорғау, дербес деректер өңделетін ақпараттық жүйелер иелеріне аудит және тексерулер жүргізу жөніндегі функцияларды беру туралы мәселеге бастамашылық жасады. Бұл ретте, менің ойымша, киберкеңістікте баланың құқықтарын сақтау мәселелері мен перспективаларына ерекше назар аудару қажет.

### Нәтижелер

Ақпараттық қоғам дамуының қазіргі тенденциялары Интернеттің дамуы бір жағынан ақпараттың таралуын едәуір жеңілдететінін, ал екінші жағынан құқықтық реттеуді қажет ететін қатынастардың жаңа формала-

рына жағдай жасайтындығын көрсетеді. Сонымен, Интернет желісіндегі ақпараттың мазмұнына объективті көзқараспен жеке және отбасылық өмірді қорғау құқығы, ой, ар-ождан және дін бостандығы, пікір бостандығы және оларды еркін білдіру мүмкіндігі сияқты құқықтарды қозғайтын ақпаратты бүкіл ақпараттық ресурстан бөліп алу керек. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы өзінің алғашқы қарарларының бірінде «Ақпарат бостандығы-адамның негізгі құқығы» [6, 125 б.]. Ал интернет қазіргі уақытта ең ауқымды ақпарат көзі болып табылатындығын атап өтті. Осылайша, интернет желісіне қол жеткізу ақпаратты еркін тарату және адамның ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру шарттарының біріне айналды.

Көптеген заманауи балалар әлеуметтік желілерді әлеуметтенудің маңызды құралы ретінде қолдана отырып, Интернет желісінде көп уақыт өткізеді. Интернетке қол жетімділіктің артуы балаларға кез-келген интернет-мазмұнға (контентке) қол жеткізуге шексіз мүмкіндіктер беріп отыр, бұл олардың ақпарат алу және тарату құқығын жүзеге асырудың негізі болып табылады. Алайда, бұл мүмкіншіліктер балалар үшін күтпеген қауіптер алып келуі мүмкін, өйткені Интернет арқылы баланың құқықтарын бұзу мүмкіндігі артады. Орасан қауіптердің бірі балалардың жеке өміріне байланысты.

Жалпы логикалық тұрғыдан алып қарағанда кез келген адамда кәмелет жасқа толмағандарды не үшін мемлекет осылай басыңқы көңіл бөліп қорғаштау керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Себебі, кәмелеттік жас дегеніміз, бұл - психофизикалық дамудың ерекшеліктерін қамтитын, білімнің шектеулі көлемімен (құқықтық, этикалық және т. б.) сипатталатын, жеке тұлғаны қалыптастыру барысындағы адамның жастық шақ кезеңінің ішінара ерекшеліктері болатын, бейімделу қиындықтары бар, ойлаудың бастапқы сыни емес түрі қолданылатын кезең. Сондай-ақ қарым-қатынастың мәтіндік тәсілі басым болатын, қашықтықтан қарым-қатынастың шектеусіздігі, қуатты "маскара-контент" арқылы "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің ерекше әсерін алдын-ала анықтайтын, оның

<sup>10</sup> «Ақпараттық қауіпсіздік». Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/6?lang=ru>, қарау күні: 23.08.2023;

<sup>11</sup> «Киберқауіпсіздік Тұжырымдамасы ("Қазақстанның киберқалқаны")». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000407>., қарау күні: 23.08.2023;

ішінде. террористік, экстремистік, порнографиялық, суицидтік бағыттағы, сондай-ақ кәмелетке толмағанның жеке қауіпсіздігіне қатер төндіретін және оның қылмыстық мінез-құлқын қалыптастыратын қауіпті мінез-құлықты, тыйым салынған заттарды тұтынуды насихаттау түрінде өткізілетін уақыт аралығы болып табылады [7, 105 б.].

Көптеген жасөспірімдер әлеуметтік медианы өздері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты және ұзақ уақыт бойы желіде қалатын жеке сипаттағы бейнесуреттерді тарату үшін пайдаланады, бұл оларды әртүрлі тұлғаларға пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай ақпарат олардың өміріне зиян тигізуі мүмкін, өйткені оны болашақта, соның ішінде заңсыз мақсаттарда да қолдануға болады. Коммерциялық мақсатта балалардың Интернеттегі қызметіне қатысты ақпаратты профильдеу және деректерді сақтау олардың жеке өміріне қатысты алаңдаушылық туғызады, ал балалардың өздері мұны жете түсінбейді. Сондай-ақ, балалар интернетте жиі таралатын заңсыз немесе зиянды мазмұнмен, соның ішінде порнография, нацистік немесе нәсілшілдік материалдармен және зорлық-зомбылықпен, нашақорлыққа, суицидке және өзіне зиян келтірудің басқа түрлеріне шақыратын мазмұнмен байланысқа түсу қаупі бар. Балалардың өздері құқық бұзушы бола алады және Интернет көздері арқылы басқа балаларға зиян келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайларға әлеуметтік медидағы басқа балаларды қорлау, қорқыту жатады, бұл туралы балалар Интернет немесе басқа байланыс құралдары арқылы көбірек хабарлайды. Бұл фактілер қайғылы салдарларға әкелуі мүмкін, өйткені бұны күні кеше ғана орын алып отырған бірқатар жасөспірімдер қорқытқаннан кейін және әлеуметтік желіде өз өмірін қиюға шақырылғаннан кейін өз-өзіне қол жұмсаған жағдайлар дәлелдейді<sup>12</sup>. Кейбір балалар жыныстық сипаттағы немесе басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері сияқты қорлайтын бейнелерді таратады, кейде оларды осындай материалды өздері түсіруге мәжбүр етеді. Интернетті «жүрексіз қылмыскерлер» басқалардың атымен балалармен қарым-қатынас жасау үшін, соның ішінде жыныстық қудалау мақсатында қолданады (бұны қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде «алдамшы баптап-күту» деп те атауға болады), тіпті оларды балалар саудасы мақса-

тында жалдау үшін де қолданады.

Балалардың физикалық және психикалық дамуының ерекшеліктерін талдау негізінде Интернет желісіндегі қызметті құқықтық реттеу қажеттілігі ақпараттық кеңістікте жасалған қылмыстар санының көбеюіне байланысты деген қорытынды жасауға болады. Жаңа әлеуметтік желілердің, сайттардың және басқа да ақпараттық ресурстардың пайда болуы Интернетті пайдаланудың ыңғайлылығы мен сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа зиянды ақпараттың пайда болу қаупіне әкеледі, бұл оны анықтау мен жоюдың қиындауына мүмкіндік береді. Интернет желісінің барлық пайдаланушылары қауіпті аймақта, бірақ әсіресе балалар бұл ақпараттық кеңістікте қорғалмаған. Балалар психикасы-бұл баланың жалпы денсаулығының маңызды құрамдас бөлігі, ол (ересек адамның психикасымен салыстырғанда) сырттан келетін теріс әсерлерге тез бейімделеді. Интернет желісінде ақпараттық-психологиялық әсер етудің әртүрлі құралдарын құру тек жеке бір балаға ғана емес, сонымен бірге ел аумағында тұратын барлық балаларға теріс әсер етеді. Сондықтан, ең алдымен, кәмелетке толмаған азаматтар Интернет желісіндегі қызметті құқықтық реттеуге мұқтаж, олар өздеріне толық қамқорлық жасай алмайды және өздерін сырттан келетін зиянды әсерден қорғай алмайды. Басты себептердің бірі-кәмелетке толмағандардың белгілі бір ақпараттың зиянды әсерін тани алмауы және одан уақтылы бас тарта алмауы. Бұл баланың алынған ақпаратқа жан-жақты талдау жасай алмауы (пайдалы ақпаратты қабылдау және зиянды ақпаратты бұғаттау) оны виртуалды кеңістікте зиянды ақпаратты жасайтын және тарататын зиянкестер үшін тамаша құрбан етеді. Кәмелетке толмағандар қауіп-қатерге ұшырайды және Интернеттегі жала жабу мен қорлаудың, алаяқтықтың немесе одан да қауіпті, белгісіз адамдардың заңсыз, әдепсіз мінез-құлқына итермелеуінің ықтимал құрбаны болуы мүмкін.

Ғылыми жарияланымдар мен құқықтық актілерді талдау негізінде жүргізілген зерттеудің нәтижесі ретінде заңнаманы жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар ұсынылады.

Менің ойымша, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-бөлігін нақты-

<sup>12</sup> «Защита прав детей в цифровом мире: постоянно растущий вызов. Комиссар по правам человека» [Электрондық ресурсы]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.coe.int/ru/web/commissioner/-/protecting-children-s-rights-in-the-digital-world-an-ever-growing-challen-1>, қарая күні: 24.08.2023;

лау қажет, онда балаларға тыйым салынған ақпараттың

негізгі белгілерін айқындау қажет. Осы баптың 2 тармағына төмендегідей

сипаттардағы ақпараттарға тыйым салу қажет деп есептеймін:

1) порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ балалармен жыныстық қатынасты насихаттайтын ақпараттар;

2) адамдарға немесе жануарларға зорлық-зомбылықтың немесе қатыгездіктің жол берілуін негіздейтін немесе ақтайтын ақпараттар;

3) балалардың есірткі, психотроптық және/немесе мас ететін заттарды, темекі өнімдерін, құрамында спирті бар заттарды, алкогольдік сусындарды қолдануға деген ұмтылысын оятуға шақыратын ақпараттар;

4) балаларды құмар ойындарға қатысуға, жезөкшелікпен, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен айналысуға шақыратын ақпараттар;

5) баланың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға бағытталған психологиялық әсерді, оның ішінде кибербуллингті пайдалану мүмкіндігін қамтитын ақпараттар;

6) отбасылық құндылықтарды жоққа шығаратын немесе оларға күмән келтіретін, сондай-ақ дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттайтын ақпараттар;

7) Интернет желісінде тұрақты өзара іс-қимылға, ойынға тәуелділікке және Интернет желісінде мақсатсыз уақыт өткізуге шақыратын ақпараттар.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, Интернет желісінің пайда болуы мен қарқынды дамуы ақпараттық кеңістікті құқықтық реттеу қажеттілігін тудырды деген қорытынды жасауға болады. Заңды тұрғыдан қолдауы жоқ бала Интернет желісінде ештеңеге қауқарсыз болып табылады, өйткені киберкеңістікте баланың психикасы мен өмірі мен денсаулығына нақты қауіптер бар. Балалардың салауатты да интеллектуалды тұрғыдан дамуы көбіне қоғам мен мемлекеттің болашағын айқындайды, сондықтан қазақстандық қоғам кәмілетке толмағандардың киберкеңістіктегі белсенділігінің артуына аса алаңдаушылық танытып отыр.

### Қорытынды

Интернет желісінің қарқынды дамуына байланысты бүгінгі таңда баланың құқықтарын сақтау және қорғау мәселесі өзектілігін арттыруда. Дүниежүзілік цифрландыру және жаһандану жағдайында әр адамға теңгерімді ақпарат беруді интернеттегі зиянды ақпарат пен қылмыстан қорғаумен

үйлестіру өте маңызды. Егер интернетті пайдалану ережелері сақталмаса, сондай-ақ желілік қауіптерді жеңу әдістері туралы білмесе, киберкеңістік жиі қауіп төндіреді және Интернет желісіндегі баланың құқықтарының бұзылуына ықпал ететін құрал болып табылады. Бұл мәселені зерттеу Интернет желісінің барлық пайдаланушылары қауіп-қатер аймағында деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бірақ үлкен қауіп - зиянды ақпаратты балалар арасында тарату-интернет қолданушылары, олар өз жасына байланысты кіретін ақпаратты толық талдай алмайды, сонымен қатар өздерін зиянды ақпарат пен зиянкестерден толыққанды қорғай алмайды.

Интернет желісінде бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін заңнаманы жетілдіру мақсатында «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-бөлігін қолданыстағы ережелерді толықтыратын тыйым салу нормаларымен толықтыру ұсынылады. Зорлық-зомбылықты немесе қатыгездікті, нашақорлықты, алкогольизмді, сондай-ақ балаларда девиантты немесе қылмыстық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған ақпараттың басқа да қоғамға жат түрлерін насихаттайтын порнографиялық сипаттағы ақпаратқа тыйым салу маңызды және қажет болып табылады. Зерттеудің бұл нәтижесі қазіргі қазақстандық нормативтік құқықтық алаңда ықпалы жағынан әлсіздеу болып табылатын заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Ақпараттың белгілі бір түрлеріне тыйым салу құқығын нормативтік тұрғыдан бекітуден басқа, арнайы, құзыретті органдар заңнамада белгіленген тыйымдарды қамтамасыз ету бойынша қадағалау жүргізуі қажет. Сонымен қатар, балалар арасында ақпараттық қауіпсіздік және Интернет желісіндегі жағымсыз контенттің зиянды салдарын түсіндіру мәселелері бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілу қажет. Мемлекеттік деңгейде балалар арасында ақпараттық мәдениет пен желілік этикетті қалыптастыруға бағытталған арнайы тұжырымдаманы қалыптастыру немесе қолданыстағы «Қазақстанның киберқалқаны» тұжырымдамасы шеңберінде балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бөлімді әзірлеу маңызды деп есептеймін.

Бұл зерттеудің нәтижелері заң шығару процесінде, ювеналды сот ісін жүргізу практикасында, ювеналды полицияның құқық

қолдану практикасында, сондай-ақ Интернет желісінде баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, күзетуді және қамтамасыз етуді жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдарда пайдаланылуы мүмкін. Бұл процесте баланың ата-аналары мен заңды өкілдері маңызды рөл атқарады, әлбетте олар баланы Интернет желісінде орналастырылған ақпараттың зиянды әсерінен қорғауға бірден бір жауапты тұлғалар болып табылады. Қызметі Интернет желісінде баланың құқықтарын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған азаматтық қоғам институттары да үлкен рөл атқаруы керек. Бұл зерттеудің нәтижелері өскелең ұрпақтың ақпараттық мәдениеті мен желілік эти-

кетін қалыптастыруда қолданылуы мүмкін. Осылайша, заңнаманы жетілдірумен және құқықтық ықпал ету шараларын қолданумен қатар, Интернет желісінде бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас қажет. Интернет желісінде баланың құқықтарын сақтауға, қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық шараларды қолдану оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ең маңызды проблема мемлекеттік органдардың, ата-аналар мен балалардың ортақ ақпараттық және құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады, ол киберкеңістікте баланың құқықтарын тиімді сақтау үшін жағдай жасауға тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акимжанова М.Т. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша баланың жеке мүлкітік емес құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері // Вестник Института законодательства РК. – 2018. – № 4 (53). – Б. 169–177.
2. Рутфилд С. История и развитие интернета от инструмента холодной войны до Fish-Cam1 // Компьютерные инструменты в образовании / С.Рутфилд. - 1998. - № 3-4 – С. 124-129.
3. Стрелка В.Н. Права человека в Интернете: защита прав несовершеннолетних в сети Интернет // Вопросы Российской юстиции / В.Н. Стрелка. – 2019. - №3. – С. 1058-1074.
4. Филиппов В.М. Права и интересы детей в информационной сфере: реформирование законодательства // Вестник Санкт-Петербургского университета / В.М. Филиппов, В.В. Насонкин, Ч. Папачараламбоус. – 2019. - № 10 (2). - С. 362-370.
5. Иванов П. Интернет в законе: возрастные ограничения // Онлайн-проект для родителей letidor.ru Право / <https://letidor.ru/pravo/internet-v-zakone-vozzrastnyye-ogranicheniya.htm?fu..> - С.1-6.
6. Довгань Е. Ф. Права человека в эпоху информационных технологий // Вестник Университета имени О.Е.Кутафина / Е.Ф.Довгань. - 2018. - № 5 (45). - С. 109-125.
7. Макашева М.Н. Сеть Интернет и общая оценка ее влияния на личность несовершеннолетнего / М.Н. Макашева // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – 2021. – № 3 (91). – С. 102–109

## REFERENCES

1. Akimjanova M.T. Qazaqstan Respublikasynyñ zañnamasy boiynsha balanyñ jeke müliktik emes qūqyqtaryn qorğaudyñ keibir mäseleleri // Vestnik İstitutu zakonodatelstva RK. – 2018. – № 4 (53). – S. 169–177.
2. Rutfeld S. Istorija i razvitie interneta ot instrumenta holodnoj vojny do Fish-Cam1 // Komp'juternye instrumenty v obrazovanii / S.Rutfeld. - 1998. - № 3-4 – S.124-129.
3. Strelka V.N. Prava cheloveka v Internete: zashhita prav nesovershennoletnih v seti Internet // Voprosy Rossijskoj justicii / V.N. Strelka. – 2019. - №3. – S.1058-1074.
4. Filippov V.M. Prava i interesy detej v informacionnoj sfere: reformirovanie zakonodatel'stva / Vestnik Sankt Peterburgskogo universiteta / V.M. Filippov, V.V. Nasonkin, Ch. Papacharalambous. – 2019. - № 10 (2). - S. 362 – 370.
5. Ivanov P. Internet v zakone: vozzrastny`e ogranicheniya // Onlajn-proekt dlya roditelej letidor.ru Pravo / <https://letidor.ru/pravo/internet-v-zakone-vozzrastnyye-ogranicheniya.htm?fu..> - S.1-6.
6. Dovgan' E. F. Prava cheloveka v jepohu informacionnyh tehnologij // Vestnik Universiteta imeni O. E. Kutafina / E. F. Dovgan'. - 2018. - № 5 (45). - S. 109-125.
7. Makaşeva M.N. Set İnternet i obıçaya otsenka ee vliyaniya na lichnost nesovershennoletnego / M.N.Makaşeva // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta MVD Rossii. – 2021. – № 3 (91). – S. 102–109.



## МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ДВУСТОРОННИХ ОТНОШЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ ПОЛЬША СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (С ОСОБЫМ УЧЕТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)

**Чахор Рафал Ришардович**

*Доктор политических наук, кандидат политических и юридических наук, профессор Краковской Академии им. А. Фрича Моджевского, заместитель декана Факультета права и администрации; Республика Польша, г. Краков, e-mail: rczachor@afm.edu.pl*

**Аннотация.** На современном этапе договоры являются главным источником международного права и механизмом регулирования двусторонних и многосторонних отношений. Они дают возможность мирного и взаимовыгодного проведения внешней политики в области экономики, безопасности и других. Анализ количества и содержания двусторонних договоров способствует определению взаимной заинтересованности стран друг другом, выявлению главных областей сотрудничества.

Настоящая публикация посвящена международно-правовой базе отношений Республики Польша со странами Центральной Азии с особым учетом Республики Казахстан. В первой части статьи установлено, что ратифицированные международно-правовые акты являются в Республике Польша источником общеобязывающего права. Среди них главную роль играют межгосударственные и межправительственные договоры и соглашения. В дальнейшей части статьи установлено, что самое большое количество двусторонних договоров Республика Польша заключила с Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан. Только с последней из них заключен договор о дружбе. Главную часть международно-правовой базы отношений Республики Польша со странами Центральной Азии составляют межправительственные соглашения, касающиеся, прежде всего, экономики и инвестиций, налогообложения и консульских вопросов. Отличительной чертой договорной базы Республики Польша и Республики Казахстан являются соглашения в области безопасности, оборонной промышленности, обмена секретными информациями, реадмиссии и сельского хозяйства.

В целом, учитывая прочное и многостороннее развитие отношений между Республикой Польша и Республикой Казахстан, обоснованным кажется заключение договора о дружбе и развитии сотрудничества. Он мог бы стать отправной точкой для четвертого десятилетия официальных отношений обеих стран.

**Ключевые слова:** международное публичное право; международные договоры; международное право в системе источников права Республики Польша; правовые основы взаимоотношений Республики Польша со странами Центральной Азии.

## THE LEGAL BASIS OF BILATERAL RELATIONS BETWEEN THE REPUBLIC OF POLAND AND CENTRAL ASIAN STATES (WITH A FOCUS ON THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

**Czachor Rafal Richardovich**

*Doctor of Political Sciences, Candidate of Political and Legal Sciences, Professor of the A. Frycz Modrzewski Krakow Academy, Deputy Dean of the Faculty of Law and Administration; Republic of Poland, Krakow, e-mail: rczachor@afm.edu.pl*

**Abstract.** Today, international treaties are the main source of international law and constitute a mechanism of regulation of bilateral and multilateral relations. International agreements provide states with an opportunity to run peaceful and profitable foreign policy in economics,

security, and others. The number and the scope of bilateral agreements indicate the mutual interest of countries and reveal the main fields of cooperation.

The following paper is devoted to the legal basis of bilateral relations between Poland and Central Asian republics with a particular focus on Kazakhstan. The first part of the paper argues, that ratified treaties belong in the Polish legal system to the sources of law. Among them, the crucial role play inter-state treaties and inter-government agreements. The next part of the paper reveals that the biggest number of treaties Poland has concluded with Kazakhstan and Uzbekistan. Only with the latter Poland has signed a treaty of friendship. The agreements concluded by Poland with Central Asian countries are mainly devoted to trade, investments, taxation, and consular matters. The unique feature of mutual Polish-Kazakh cooperation constitutes agreements in the fields of security, defence industry, secret information, and agriculture.

In general, taking into account the strong and comprehensive cooperation between Poland and Kazakhstan, the paper asserts the need for concluding a treaty of friendship and cooperation. It could serve as a good starting point for the fourth decade of bilateral official relations.

**Keywords:** international public law; international treaties; international law in the system of the sources of law in the Republic of Poland; the legal basis of bilateral relations between the Republic of Poland and Central Asian states.

## ПОЛЬША РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ЕРЕКШЕ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП)

**Рафал Ришардович Чахор**

Саясаттану ғылымдарының докторы, саяси және заң ғылымдарының кандидаты, А. Фрич Моджевский атындағы Краков Академиясының профессоры, құқық және әкімшілік факультеті деканының орынбасары; Польша Республикасы, Краков қ., e-mail: rczachor@afm.edu.pl

**Аннотация.** Қазіргі кезеңде шарттар Халықаралық құқықтың негізгі көзі және екіжақты және көпжақты қатынастарды реттеу тетігі болып табылады. Олар экономика, қауіпсіздік және басқа салаларда бейбіт және өзара тиімді сыртқы саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Екіжақты шарттардың саны мен мазмұнын талдау елдердің бір-біріне өзара мүдделілігін анықтауға, ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын анықтауға ықпал етеді.

Осы бап Қазақстан Республикасын ерекше ескере отырып, Польша Республикасының Орталық Азия елдерімен қатынастарының халықаралық-құқықтық базасына арналған. Мақаланың бірінші бөлігінде ратификацияланған халықаралық-құқықтық актілер Польша Республикасында жалпыға міндетті құқықтың қайнар көзі болып табылатыны анықталды. Олардың ішінде мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер басты рөл атқарады. Мақаланың одан әрі бөлігінде Польша Республикасы Қазақстан Республикасымен және Өзбекстан Республикасымен екіжақты шарттардың ең көп санын жасағаны анықталды. Олардың соңғысымен ғана достық туралы келісім жасалды. Польша Республикасының Орталық Азия елдерімен қатынастарының халықаралық-құқықтық базасының негізгі бөлігін, ең алдымен, экономика мен инвестицияларға, салық салуға және консулдық мәселелерге қатысты үкіметаралық келісімдер құрайды. Польша Республикасы мен Қазақстан Республикасының шарттық базасының айрықша ерекшелігі қауіпсіздік, қорғаныс өнеркәсібі, құпия ақпарат алмасу, реадмиссия және ауыл шаруашылығы саласындағы келісімдер болып табылады.

Тұтастай алғанда, Польша Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қатынастардың берік және көпжақты дамуын ескере отырып, достық және ынтымақтастықты дамыту туралы шарт жасасу негізді болып көрінеді. Бұл екі елдің ресми қарым-қатынасының төртінші онжылдығының бастапқы нүктесі болуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** халықаралық жария құқық; халықаралық шарттар; Польша Республикасының құқық көздері жүйесіндегі халықаралық құқық; Польша Республикасының Орталық Азия елдерімен өзара қарым-қатынасының құқықтық негіздері.

## Введение

Среди главных черт государственного суверенитета находится право заключения международных договоров с другими субъектами международного права и, таким образом, самостоятельное формирование своей международной ситуации взаимовыгодным путем. О значении международных договоров, являющихся на данном этапе главным источником международного права, свидетельствует их растущее число, особенно с середины XX века. Сегодня международные договоры – это главный механизм регулирования всех важных для государств вопросов двусторонних и многосторонних отношений. Они заключаются в сфере политики, экономики, безопасности, культуры и других, которые по ходу технического прогресса требуют международного сотрудничества, к примеру, кибербезопасности. Государства часто прибегают к международным договорам как к средству проведения внешней политики по нескольким причинам. Во-первых, в связи с всеобщим запретом применения силы и угрозы ее применения в международных отношениях, согласно ст. 2 Устава ООН<sup>1</sup>, осуществление внешнеполитических целей может достигаться исключительно мирными средствами. Во-вторых, в связи с принципом суверенитета и равенства государств, международные договоры заключаются добровольно, вследствие переговоров, во время которых стороны могут определить выгодное для всех их содержание.

Предметом настоящего исследования является международно-правовая база двусторонних отношений Республики Польша (далее – РП) со странами Центральной Азии. Автором статьи учтены все действующие и денонсированные договоры, заключенные после 1991 г. с Республикой Казахстан (далее – РК), Кыргызской Республикой (далее – КР), Республикой Таджикистан (далее – РТ), Туркменистаном и Республикой Узбекистан (далее – РУ). Следует отметить, что отношения РП со странами Центральной Азии рассматриваются польской дипломатией в рамках так называемой восточной политики, охватывающей все постсоветское про-

странство. Среди них традиционно приоритет придается Российской Федерации, Республике Беларусь и Украине. Значительно меньше акцентируется внимание на других странах, в том числе среднеазиатских. Экономическое развитие, интеграция в мировые процессы сотрудничества как РП, так стран Центральной Азии, несомненно, приведет в будущем к интенсификации и расширению их международно-правовой базы их отношений.

## Материалы и методы

Основным материалом данного исследования послужили двусторонние договоры, заключенные РП с РК, КР, РТ, РУ и Туркменистаном. Общедоступная в режиме он-лайн база международных договоров РП ведется Министерством иностранных дел РП<sup>2</sup>. В ходе настоящего исследования применялись основные для научной дисциплины права методы, в том числе формально-правовой и сравнительный. Их использование дает возможность раскрыть содержание и специфику правовых отношений РП со странами Центральной Азии, с особым учетом РК.

## Основные положения, результаты и обсуждения

В польской доктрине права международный договор определяется как «совместное волеизъявление субъектов международного права, которое создает права и обязанности» [1, с. 71; 2, с. 186]. Он является «соглашением двух или большего количества субъектов международного права, в котором они определили свои права и обязанности (...). Задачей международного договора является создание определенных правовых результатов, его необходимым элементом является международно-правовая субъектность сторон и совместно определенное и изъявленное желание урегулирования неких вопросов» [3, с. 52; 4, с. 115]. Международным договором является любое соглашение между государствами, которое заключалось с определенной целью и в определенной форме. Это находит свое подтверждение в Венской конвенции о праве международных договоров от 1969 г., стороной которой с 1990 г. является РП<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> *Karta Narodów Zjednoczonych*. — [Электронный ресурс]. — <http://libr.sejm.gov.pl/tek01/txt/onz/1945.html> (дата обращения 1 декабря 2023 г.).

<sup>2</sup> *Internetowa baza traktatowa MSZ RP*. — [Электронный ресурс]. — <https://traktaty.msz.gov.pl/umowa-1> (дата обращения 1 декабря 2023 г.).

<sup>3</sup> *Konwencja wiedeńska o prawie traktatów z 23 maja 1969 roku*. — [Электронный ресурс]. — <http://libr.sejm.gov.pl/tek01/txt/onz/1969.html> (дата обращения 1 декабря 2023 г.).

Ст. 2 данного акта гласит, что «договор означает международное соглашение, заключенное между государствами в письменной форме и регулируемое международным правом, независимо от того, содержится ли такое соглашение в одном документе, в двух или нескольких связанных между собой документах, а также независимо от его конкретного наименования»<sup>4</sup>. Таким образом, независимо от названия (договор, соглашение, пакт, конкордат, хартия) такого рода документы являются для их сторон источником права. В случае польской дипломатической практики принято использование разных названий для обозначения международно-правовых актов, при этом «трактат» является особой формой международного договора, заключаемого в торжественной обстановке [5, с. 81]. Отличительной чертой трактата является то, что участие в его заключении принимают высшие государственные должностные лица, формирующие внешнюю политику, главным образом Президент РП. В свою очередь, соглашение представляет собой международно-правовой акт, заключаемый правительством либо ведомствами. Подробное функционирование международных договоров в системе права РП установлено законом от 14 апреля 2000 г. «О международных договорах»<sup>5</sup>.

Согласно базе международных договоров МИД РП, РП заключила двусторонние договоры со всеми странами Центральной Азии. По состоянию на 1 декабря 2023 г. в отношениях с РК действует 17 договоров, с КР – 10 договоров, с РТ – 5 договоров, с Туркменистаном – 1 договор, с РУ – 24 договора, однако часть из них является соглашениями, дополняющими и изменяющими положения предыдущих соглашений относительно кредита, выделенного правительством РП правительству РУ. В итоге с данной страной действует 17 самостоятельных до-

говоров. Среди них только один имеет ранг «трактата» – это Договор о дружбе и сотрудничестве с РУ, подписанный 11 января 1995 г.<sup>6</sup> Все остальные документы, за исключением двух межведомственных соглашений (Соглашение о сотрудничестве в области экономики между Министром развития и финансов РП и Министерством национальной экономики РК от 2017 г.<sup>7</sup> и Соглашение между Министром инфраструктуры РП и Почтой РУ о сотрудничестве в области почты и телекоммуникации от 2002 г.<sup>8</sup>, являются межправительственными соглашениями. Согласно материальному критерию, наибольшее количество действующих договоров касается экономического сотрудничества и инвестиций: 3 договора – с РК, 2 договора – с РУ, по одному – с остальными странами региона. Другие вопросы регулируются в меньшем объеме.

Если идет речь о времени развития международно-правовой базы двусторонних отношений РП со странами Центральной Азии, то самым интенсивным периодом было последнее десятилетие XX века (было заключено 24 договора) и первое десятилетие XXI века (заключено 20 договоров). После 2011 г. число заключенных двусторонних договоров значительно снизилось.

